



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТИ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ



ӘШІРБЕК
1947-2014 СЫНАЙ

ҚҰРМЕТТИ ОҚЫРМАН!!!

Уақытта дамыл бар ма, шіркін?! Осыдан бір жыл бұрын «Шабыт» журналы өз оқырмандарына жол тартты. Әлбетте, бұл жобаны іске асқыруға бірден-бір ықпалың тигізген өзіміздің өмірлік үзтазымыздың айналған өнердегі аяулы әкеміз, шының жана шырымыз, театр сыйнының хас шебері - Әшірбек Теребайұлы Сығай болғаны жасырын емес.

Окінішке орай, осы жылға арналған қорыттыңды санымызды Әш ағамызды арнаймыз деген ой үш үйіктасақ түске кірмеген жайт. Айбынды азаматтың келмеске кетуі, соңғы сапарга аттануы, жоқтығы аңы да болса шындық, өмірдің айқын занылығы. Дегенмен де, ұлы үстазымыздың ғұмырлық тәлімі, рухани азығы, ақыл-кеңестері мәнгі жадымыздан жырақтамай санамызда сақталып, көңілімізде қала бермек...

Сол себепті журналымыздың бұл саны толықтай сын сардарына арналды. Бауырға деген ыстық ықылас, үстазға деген шексіз алғыс, шекірттік жүрекжарды лебіздерді назарларыңызға ұсынамыз!!!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ



Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.К. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері

Мейрамов Т.У. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Мұқанова Р.К. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері

Негербек Б.Р. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайкызы

Редактор: Камила Габдрашитова

Тілшілер: Куат Ежембек

Мирас Әбіл

Нұрислам Абдил

Александра Поршнева

Евгений Лумпов

Амина Габдрашитова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Ә. Тарази	4	ЖІГІТ
Б. Ногербек	6	АШИРБЕК СЫГАЙ – МАСТЕР СЛОВА И АЕРА
М. Эбіл	9	ШӘКІРТТЕҢ ЛЕБІЗ
Н. Оразалин	10	ОҮ ТӨРІНДЕ – ТЕАТР
Р. Мұқанова	12	ӘКІМ ТАРАЗИДЫҢ ТАРЛАНЫ
А.Қадыралиева	14	СЫННАН СЫР ТҮҮГЕН ШЕБЕР ЕДІ
Н. Жұмабаев	16	Ұлы ЖҮРЕКТІҢ ҮЕСІ
Н. Эбділ	19	ЖАН АЙҚАЙ
Н. Салимов		ҚҰЗДІҢ СОНҒЫ ҚҮНДЕРІ...
М. Тәшімова	20	ОРАҚ ТІЛДІ, ШЕШЕН СӨЗДІ «БИ» ӨЗІН...
Г. Әмірзакова	21	САЯЛЫ БӘҮТЕРЕГІМІЗ ҚҰЛАДЫ
Қ. Ежембек	22	«ЕСЕНІН» ДЕП ЕРКЕЛЕТКЕН ҰСТАЗЫМ!!!
Б. Бекмагамбетова	24	ҰЛАФАТТЫ ҰСТАЗ
А. Айтжан	25	«ҚОБЫЗ САРЫНЫ» ДЕУШІ ЕДІ, ЖАРЫҚТЫҚ...
С. Ақсүнқарұлы		ӘШІРБЕК СЫҒАЙМЕН ҚОШТАСУ
М. Эбіл	26	ТЫЛСЫМ ҚУШ
Г. Ләмбек	27	ҚОШ, ҰСТАЗЫМ!
Н. Ескендеріп	28	БІР ӨЗІНДЕ БАР ӨНЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ
Х. Хасанбаев	29	ПОЙЫЗ ФҰМЫР...

ЖЕРДІМ



Қазақ қосарлап сөйлеуге құмар. Қос сөздердің көпшілігі бір мағынаның екі пормысы ғана: ұсақ-түйек десек, ұсағын да ұсақ, түйегін де ұсақ; бала-шаға десек, балаң да бала, шағаң да бала. Ал жігіт деген ұғымды қосарлап жеткізсек: жігіт-мігіт дейміз. Жігітімізді әсірелеп, әспеттеп түсіндіргеніміз, мігітіміз - мұрын шүйіргеніміз.

Қосарлап сөйлеуге құмар қазекем кейде әсем түсіктің шырайын кетіріп алады, жас мөлшеріне қарап, жыныс белгісіне қарап іліп алуға жарамайтын әлдекімді ЖІГІТ дей салады.

Сондықтан да талай-талай мігіт

ешбір «еңбексіз» биік дәрежені иемденіп жүре береді. Бұл - сөз қасиетінің кеткені ғана емес, ер қасиетінің де көмекі тартқаны.

Әшірбек Сығаевты бала кезінен білемін десем де болғандай. Консерваторияны жаңа бітірген кезі екен. Райымбек Сейітметов таныстырды. Жастықтың әсері ме, мастықтың салдары ма, сол күні ұшқалақ міnez танытып алдым, ұшқары пікірлер айтып қалдым, жаман-жәутік мігітке ұшырасқан болсам, қату қабақ, дөрекі жауап естір едім. Әшірбек сыр бермеді. Мәрт екенсің деп іштен түйіп қойдым, міnezге бай адамға тәнті болып жүретін әдетім. Содан кейін жиі-жиі кездесіп, байыпты, байсалдылығын таныдым.

Мәрттік те, байыптылық та, байсалдылық та - мінездің түрлі қырлары. Қырлары ғана. Ғана...

Елі қадірлайтін білікті азамат атану үшін сегіз қыр аз. Сегіз сыр мәндірек. Сыр дегеніміз - сиқыр дегеніміз. Әшірбектің сиқырлы сыры - шабыткерлік талантты. Қасиетті қазақ театрының кешегісі мен бүтіні, биігі мен аласасын, күнбе-күнгі тірлігінің ұңғыл-шұңғылын Әшірбектей менгерген, Әшірбектей пайымдайтын жан некен-саяқ.

Некен-саяқ деғен тіркестің өзін сыпайылық маймөңкесі деп қабылдасаңыз, қиналмай келісер едім.

Ұзақ-ұзақ іссапарларына бірге шыққанда, көңіл күйін шертісіп астана көшелерін шиырлаған сұхбат сәттерінде, таңғалатын бір жайым - Әшірбектің ұшан-теңіз сарқылмас білімі, зерде «қоймаларына» жиған мол қазынасы. Бұл түрғыдан Сығаев - кешегі отандас, бүгінгі ынтымақтас елдердің театры мен өнерінің түбебейлі энциклопедиясы; қай елде қанша театр бар, әр театрдың өзіндік ерекшелігі қандай, ол өнер ұжымдарында қандай-қандай әртістер бар, әр әртістің өмір жолы, шеберлік деңгейі, тіпті осал тұсы не десен, мұдірмей, егжей-тегжейлі баяндап бере алады.

Бірақ мәрттік те, білімдарлық та мінездің бір-бір қыры. Қыры ғана. Бүкіл елі дәріптейтін, замандасты құрметтейтін азамат атану үшін ол ерекшелік мүлде аз. Киелі қазақ өнерінің тарихнамасын жинақтап, картотекаға сақтап журу, қажетті сөтінде «мен мұнда, ол менде!» деп кеуде қағып шыға келу мақтарлық жағдай болғанымен, елдік дәрежеге көтеріп қастерлейтін жай емес.

Ендеше осы маған не керек? Әшірбек Сығаев деп аталатын алғыр азамат, Әшірбек Сығаев деп аталатын қоғамдық түсінікке, қоғамдық құбылысқа қалай айналды? Ол түсінік, ол құбылыс бізге несімен қымбат?

Әшірбектің кітаптарын қолға алдым. Қайта үңілдім. Өнер зерттеушінің өнерін мұқият зерттеп үңілдім. Қазақ театрының, ел өнерінің алтын діңгектері, майталман саңлақтарының ірі -ірі тұлғалары сомдалып келіп көз алдым сап ұрды. Әсем де салтанатты сап. Жанарыңа жас үйірлтер аяулы образдар. Келмеске кеткен асылдар. Қадірін бірде біліп, бірде білмей жүрген үйреншікті... өзіміздің саңлақтар... тірі пенде деп жүргеніміз, кейде мойынданап, кейіміз кекжіп, сыртынан сан-саққа жүгіртіп жүрген қарапайым таланттарымызға басқаша қарай бастадым. Табынып қарай бастадым. Шымылдықтың арғы жағындағы жұмбақ өмірге ғашық болып, құмарта, тамсана үңілдім.

Құрғақ мақала, жадағай оқуды қунде оқып жүрмін. Баяғы өткен заманда ай сайын жүрттың басын зорлап жинап, кәсіподақ жиналысында зорлап тыңданатын баяндама тәрізді есеп беру, атап өту... Сол жайдак ойлы шұбаланқы «пікір айтудардың» фонында маңғаз асқар биіктей көрінетін Әшірбек туындыларының құпиясын мен анық үқтym. Ол – суреткер сыншының (иә, иә суреткер сыншының!) лұпілдеп соққан жүрегі екен. Айтып отырған объектісіне автор өз жанынан нұр құйып отырады екен! Сондықтан да Әшірбектің әр туындысын сиқырлы симфониядай үйіп қабылдайды екенсін. Сондықтан да біздің Әшірбек сыншы емес, жыршы екен.

Жазушының мерейтойы қарсаңында жазылған бұл лебізімді жігіт деген сөзден бастаған едім, енді сол түсінікке қайта оралайын. Қаз Сақтардың, Қап Сақтардың, бертін келе Көк түріктердің (Тұрақтардың) дәуірінде ол сөз Жай Оты (Жағ оты) болып айтудатын, Көктен түскен от, наизағай деген мағынада. Жағ от... жігіт. Көктен құлаған Құдірет күші. Қасиетті күш.

Осыдан бірер жыл бұрын Әшірбек екеуіміз қызметтес болып, көп мұндастып жүрдік. Әділетсіз бір оқыс жағдай болды, асығыс шешім қабылданып қалды. Әшірбек Сығаев мігіт болса, «жә, жарайды, қорлыққа тәзе тұрайын! Нем кетеді!» деп, бұғып жүре берер еді. Бірақ менің Әшірбек бауырым кеудесін керіп тұрып шығып кетті, шенеуніктер қатарынан шығып кетті. Фылым жолын, тәлімгерлік биігін таңдады. Ұтылған жоқ. Жан тазалығын сақтап қалды. Сол үшін мен оған тәнтімін. Сол үшін мен оған жігіт деген биік дәрежелі жоғары атақ берген едім. Кәңіл төрінен орын берген едім. Сол сәулелі тағың орнында, Әшірбек бауырым!



Әкім ТАРАЗИ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері

АШИРБЕК СЫГАЙ – МАСТЕР СЛОВА И ПЕРА

Когда умирает творческий человек, вместе с ним на некоторое время гаснет и его вселенная. Но не навсегда: потому что сочинения, труды известной творческой личности переиздаются и обретают новую жизнь и его вселенная вновь оживает...

Трудно привыкнуть к мысли, что среди нас нет Аширбека Сыгая – театрального критика, великолепного оратора, острого слова, педагога, воспитавшего десятки талантливых артистов театра и кино, театральных критиков.

Мастеров критического жанра, публицистики можно условно разделить на тех, кто говорит, выступает перед аудиторией и на тех, кто пишет, то есть излагает свои мысли на бумаге.

Обычно критики разговорного жанра, блестяще говорящие не всегда владеют пером: написанные ими статьи не столь интересны для читателей. Аширбек Сыгай – исключение из правил. Он одинаково владел ярким, сочным, устным, образным словом, так и литературным письмом. Его превосходная ораторская речь, украшенная красочными эпитетами, не теряла своей первозданной фольклорной красоты и на бумаге.

Конечно же, у каждого из нас свой Аширбек Сыгай. Его образ, как и образ любого человека разнообразен, многолик и противоречив. Я узнал его поближе в последние три года работы в нашем Университете. В Алматы мы виделись очень редко, хотя и работали на одном факультете в Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова.

Профessor Аширбек Сыгай для меня, прежде всего, артистическая натура, жаждущая публичного признания и одобрения. Ашекен любил подшучивать, иронизировать над своими друзьями и коллегами. У него это получалось большей частью легко и остроумно. Он был превосходным рассказчиком, оратором, трибуном, поднимающим острые актуальные проблемы современного искусства. Ашекен

никогда не терялся перед аудиторией: ее состав не имел никакого значения для него: студенты ли, творческая интеллигенция или члены парламента. Выступление перед людьми – его любимая стихия. Увлекательные рассказы-зарисовки, байки были своеобразным, отлично поставленным миниспектаклем. Ашекен свободно входил в образ, придуманный им самим, и также быстро выходил из него. Однажды по дороге в Университет он сказал мне: «Знаешь, мне нравится провоцировать события, обострять ситуацию, нагнетать атмосферу». На мой удивленный вопрос: «Зачем?», Ашекен моментально ответил: «Понимаешь, это же драматургия! Жизнь!». Ему в окружающей действительности не хватало актерской игры, сценической площадки, а в театре – подлинной правды, реальности.

Его статьи о театральных постановках – это поиск жизненной правды. Блистательные эссе Аширбека Сыгая об актерах казахского театра – целая веха в истории национального театроведения. Его книга «Сахна сандықтары», удостоенная Государственной премии Республики Казахстан – яркое тому свидетельство. В этой театроведческой работе представлены творческие портреты 48 артистов казахского сценического искусства, начиная от первых режиссеров, актеров-самородков, которые не заканчивали академий искусств, творческих институтов, университетов, но были гениальны от природы. Их незаурядное, талантливое искусство покоряло зрителей своей правдивостью, искренностью чувств, сквозь смех и слезы очищало душу, подпитывала положительной энергией. Ашекен в каждую свою новую книгу о театре непременно включал творческие портреты

артистов.

Выдающийся театровед, критик, педагог Аширбек Сыгай любил мэтров национального искусства, мог часами рассказывать о них. Ашекен всегда подчеркивал, что в написании очерков об актерах ему помогали дневники, которые он регулярно вел многие, многие годы. Теперь дневниковые записи также станут архивными документами, частью культурного наследия. Через несколько лет они будут опубликованы. И тогда мы вновь встретимся с Аширбеком Сыгаем, но в уже другой его роли – летописца и толкователя событий. В этих дневниковых записях мы увидим себя и наших знакомых коллег в совершенно ином, неожиданном ракурсе. Таким образом, Ашекен вновь напомнит о себе. Талантливые люди не исчезают навсегда. Они уходят лишь на время, чтобы затем вновь вернуться.

Бауыржан НОГЕРБЕК,

киновед, профессор искусствоведения,
Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері



ӘШІРБЕК СЫГАЙ АФОРИЗМДЕРІ

Бір ғана команда бар, ол – қазақ, Қазақстан командасы.

Қазақтың жері кен, қойнауы қазынаға бай. Бірақ сол ұлан-ғайыр даламыз бос жатыр. Игерілмей, иеленбей жатқан бос кеңістік көп. Санымыз аз. Осы олқылықтың орнын қалайда толтыру керек, қазаққа шұғыл түрде көбею қажет.

Халықтың санын көбейтуіміз тиіс. Егер халықтың саны 20 миллионға жетсе, онда қазақ халқының тіл мәселесі мұндай өткір күйінде бірінші кезекте түрмас еді.

Қазақтың жүргегі тоқтамасын, өнердің жүргегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып оқбайды, елінен айнып қалған жүрек – жүрек бол соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүргеміз тоқтамасын!

Классикаға дұрыстап мойын бұра алмай жүргендердің қадірі қашуы мүмкін. Ал классиканың қадірі еш уақытта қашпайды. Өйткені, ол – классика. Классика деген – мәңгілік тағдыр тапқан, мәңгілік тарих тапқан рухани дүние.

Қалың көпке бірдей жағу қыын нәрсе. Ол – ете сирек болатын процесс. Барлығына бірдей ұнау деген болмайды. Өйткені, әркімнің өзіндік «мені», өзіндік талғамы, қисыны, қабылдау жүйесі, қорыту денгейі, мүмкіндігі болады.

Сахнада, экранда кілең шіңкілдек, ұсақ актерлер көбейді, екі иығына екі кісі мінгендей фактура жоқ. Кескін келбеті келіскең кермиықтарға зәруміз. Майда тартып барамыз. Шіңкілдеп, елпілдеп кеттік.

Қажымұқанды орта бойлы, сидиған жігіттер ойнайтын болып жүр. Қамарды көріп қарның ашады. Не дауыс жоқ, не рух жоқ. Дене тұрпаты ғана емес, қымылды, рухы кішкентай. Қарагөз болып толқытып, Қамар болып жылата алмайды, қызы Жібек болып егілтіп, Еңлік болып елжірете алмайды мені. Міне, барлық трагедия осында жатыр.

Штамп деген – қазір қазақ сахнасының негізгі дерті. Ол не деген сөз? Бірізділік, сол баяғы бір ұқастық, анау рөлінде де, мынау рөлінде де қолы ербен-ербен, сол баяғы дауыс, сол баяғы үн, сол қымыл, сол күлкі. Еш өзгеріс жоқ.

«Отеллоны» Мұхтар Әуезов керемет аударған. Ал енді соны қазақ тілінің табиғатынан, құнарынан беймағлұм режиссердің ынғайына қарап, қайшы ала жүгіру, күзеп салу, түзеп салу – мен мұны жақсылықтың нышаны деп ойламаймын.



О менің, Өшірбек Сығай ағам,
Сығай - әкем, өнерде - Сығай анам.
Адамдықтан айырылған бұл қоғамда,
Үлкен сыншы болса да Сығай адам.
Өзгелер қатал ғой деп бата алмайды.
Мен одан барлығын да сұрай алам.

Сұрай алам өшпеудің амалдарын,
Сұрай алам өзге елдің адамдарын.
Сұрай алам ерлердің еңбектерін,
Сұрай алам жаңын не тербеткенін.
Жүргіне сырқат кеп жабысқанда,
Ешбір еңсе түсірмей емдектенін.
Сұрай алам демейді сұрамағын,
Арзан емес, әрине сұраганым.
Айымторы неліктен мұңайғанын,
Қарлығаштың қапыда жылағанын.
Сұрай алам өсуді, жетілуді,
Айман-Шолпан, Шекті мен Жетіруды.
Шимайын шығарма деп әкелгенді,
Көңілін күпті қылмай кетіруді.
Сұрай алам көнені жаңаны да,
Лезде дайын тұрады жауабы да.
Сұрай алам өзімді жоғалтпауды,
Мезғіл мұңы тұнғанда жанағыма.
О менің, Сығай ағам, Сығай ағам,
Бой бермей ой беріпті құдай оған,
Шәкірттерің қанаты қатайғанша,
Тілеймін жүрсе еken деп Сығай аман.
Кеше гана жазғаным жұтаң еді,
Ал бүгін сөзден сейлем құрай алам.
Теория - «ғылыми» стиль емес,
Кейіпкер боп күлемін, жылай алам.
Айтатын да қоятын, айта да алмас,
Сыншылар көп жазуға сын аяған,
Қалам қару, сөз садак, мінез қалқан.
Сондай да еске түседі Сығай ағам.
Өтер кетер студент бұл күн елес.
Дейді ұстазым көңілін алаң қылып.
Сыншы қылу барлығын мүмкін емес,
Шығарады ол бүйірса адам қылып.

Мирас ӘБІЛ,
театртану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

ОЙ ТӨРІНДЕ - ТЕАТР

Асай ғасырдың алды-артына қаратып, бұрылуға шама келтірмес, бас бермес, ырыққа көнбес долы мінезі алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тіпті тоқсаныншы деген отынды тұтатып, орда бұзғызыған, қыргылыштық танытып, қамал алғызыған, сезімінді түлетіп, қияға шапқызыған, ойынды тербетіп, қысының тапқызыған онжылдықтарды демде тарихтың тұрлауымен талқысына салып та үлгеріпті... Ұлт пен ұлысты есейткен, үрпақ пен уақыттың самайын боз қырауға бояған жарықтық жаратылыстың мына бидауа мінезіне, не деуге болады?! Кеше де солай болған! Бүтін де - солай! Ертең де... Ертеңдің ертесі де солай бола бермек! Жер үсті мәңгілігін айғақтар осынау ұлы сиқырды тергеп, тексеруді жұмыр басты пендеге жазбаған. Ондай құқық - тек Тәңірінің ғана қолында! Біздің міндет - орындау, пешенеге жазылған айлар мен жылдарды ертең ұялмластай адал атқару.

Шүкір! Соғыстан соң туып, ана атаулының тас емшегін иіткен, оқ пен оттан аман оралған әке атаулының арман-мұратын жалғаған тұтас бір үрпақтың елі - жұрттына жаңылмай айтар сөзі, ұялмай берер шығармашылық есебі барына соңғы екі-үш жыл бедері көзімізді де жеткізе түсті.

Әшіrbек Сығай - осы буын, осы үрпақтың белді де беделді өкілі. Қазақ театр сынны дейтін мандайының соры бес елі, жүрегінің түгі бар барыс мінезділер ғана азабы мен меҳнатына төтеп бере алар осы бір ауыр кәсіп жолына өз тағдырын байлаған замандас туралы не айтуға болады?..

Әу бастан-ақ өнер мен әдебиет десе, ішкен асын жерге койып, жарғақ құлағы жастыққа тимей, алып-ұшып тұратын осы бір қатылез жанның талай-талай аумалы-төкпелі кезеңдерде исі қазаққа пана болған көне Түркістан аймағы мен қарт Қаратаудың қойын-қолтығында, тағының баурайында өткен балалықтың балдай төтті шағынан басталатын өмір баянын бұл арада түгенденеп, термелеп жатудың керегі бола қояр ма... Өйткені, оның өміrbаяны - өз аузынан тастамайтын қазақ жерінің тағы бір Алатауы - Хан Тәңірінің етегінде туып өсіп, үлкен әдебиеттегі жолын қай-қайсымыз тәрізді Алматыда бастаған жан досы марқұм Сағатының, сондай-ақ, үл өсіріп, қыз өсіріп жер беті тіршілігінің қызығын, дөм-тұзын тең бөлісіп, қатар жүрген құрбы-құрдас, дос-жаралары біздердің өміrbаянымыз. Айырмасы - төлкүжаттағы туған жер атауының, өкелеріміздің аты-жөні мен өз аты-жөніміздің бөлектігі ғана. Иә, ұмытып барады екенмін, Әшіrbектің өзі айтпақшы, ендігі бір болар болмас өзгешелік - қалғанымыздың «көп көсем» бол ҚазМУ-ді бітіргеніміз де, оның жалғыз құлын боп, жұлқынып, консерватория желісін «үзіп» шыққаны!..

Байқап отырсақ, айтылар сөз де, шертілер сыр да жеткілікті. Қаршадайынан кие дарып, қасиет қонған осынау текті өнердің қара қазанында қайнап, ыстығына қүйіп, сұығына тонып келе жатқан пендеңіздің театр деп таңы атпаған, театр деп кеші батпаған күні кемде кем?!

Жеріне жеткізе таратып, талдаудың, өсіреле, ауызша талдаудың актер үшін, режиссер үшін қаншама пайдалы екенін өнер қауымына түсіндіріп жатудың өзі артық. Талдауың татусыз, әрсіз, нәрсіз, құрғақ болса, актер ағайынның қай-қайсы да іштей кекете күліп, бас шүлғып отырғаны... Бұл - қадіріңнің кеткені?.. Талдауың өрелі, өрісті болса актер көзінде нұр ойнап, зейіні саған ауғаны... Бұл - синшы бағының жанғаны! Бас-аяғы он-онбес минут ішінде өзінің көсіби дайындығына, танымыншың терендігіне қоса парасат, білігінді таныту, өнер туындысының көзге шалына бермес қия, қалтарыстарына үңіле отырып, оның кем-кетігін, табысын тап басып айтып, өзгеге таныту - көркем талдау мен көркем синшың басты мұраты. Бұл орайда синшының театр алдындағы мерейі мен мәртебесін үстем етер бірінші шарт - көсіби билігі мен сауаты болса, екінші шарт - негізгі шарт - қара қылды қақ жарап синшының қайсаң мінезі, адалдығы. Ширек ғасырдан астам уақыт аралығында әр алуан халықаралық, республикалық байқаулар мен фестивальдердің үткыр ой, шешен тіл, терең таным таразыға түсер тайталасына, талай-талай көркемдік

кеңестердің қан сорпа додасына қатар ілікken сәт-сағаттар сана мен жүрек төрінде сайрап тұр! Әншайінде сезі сырбаз, мінезі кірпияздау көрінетін осынау қаршадай жігіттің қаршығадай түйілген тұстары да, жылт еткен жаңалыққа есі кете қуанып, қалпағын аспанға атқан шабытты шақтары да - жадымызда!

Сыншы Әшіrbек Сығай шығармашылық ой мен танымның айдынын жетімсірепей, қайраткерлік қарым танытып, қоғам өміріне де әркез белсене араласып келеді. Соңғы екі онжылдан астам уақыт ішінде оның мәдениет, білім саласында қарапайым ұстаздан ректорлық қызметке дейін өсуі, қатардағы театртанушы маманнан министрдің бірінші орынбасары дәрежесіне дейін көтерілуі соның айғағы.

Бүйірған біраз басшылық қызметтің басын «қалай қайырып, тізгіндеп» ұстаганын профессор құрдасымыз ретті жерінде өзі де жасырмай-бұкпей айтып жүрді... Шүкіршілік айтады. Болса «болдым-толдым» деп белді босатқан да, болмаса «қалдым-солдым» деп жасқанып, жасып жүрер азаматыңыз Әшіrbек емес. Қаламы - қолда! Әзілі - жолда! Ойы - өрде! Қиялыш - қай кездегідей театр деген киелі төрде.

Күні кеше ғана «арыстандай ақырып», арамызда жүрген, айтарын бет-жүзіне қарамай, тіліп бір-ақ айтып, қасқая қарап тұратын, қазақ өнерінің орыны толmas айқайшысы, атақты Асқар аға Тоқпанов пен Асекендердің ізбасар шекірті, қазақ режиссурасындағы биігі жетімсіреп қалған, қапияда көбімізді өксітіп, өкінтіп, жарқ етіп жанып, өмірден ерте кеткен, адап досымыз, замандасымыз Жақып Омаровтың шығармашылық кескін-келбеттері де сыншы Әшіrbек Сығайдың салдарлы да салмақты, байыпты да байсалды ой әлемінің өрінен, қалам қарымының терінен сырт қалмағанын көреміз.

Сыншы қаламы мен қиялыш қашан да сергек. Барды көрсе, марқаяды, жоқты көрсе, ортаяды. Жақсы хабардың жаңғырығы тарқамай тұрмайды. Әсіресе, мұндауда Сығай сыншының құлағы да, қаламы да сақ! Өзі де, сөзі де сақ! Салынып ұрып, бірде Ақмолада жүрсе, енді бірде Жезқазғанда жүрген! Бірде Атырауда жүрсе, енді бірде - Павлодарда, не Қарағанды, не Шымкентте жүргені. Семей, Талдықорған, Қызылорда... Петропавл, Қостанай... Құдай біледі, Қазақстанда Әшіrbектің аяғы тимеген театр табалдырығы жоқ шығар, сірә?! Ол қайда жүрсе де, нені көрсе де құр «көрүмен» шектелмей, әртіс қауымды ауызша талдаумен «алдай» салмай, ерінбей-жалықпай, көшкүлаш мақалаиы бірінен соң бірін тоғытып, жазып жатқаны... Күнгейді көріп қуанып, көлеңкені көріп, қобалжығаны жазғанының әр жолынан анғарып жатады.

Ол кеше... Кеше-е де солай еді...

Мүйізі қарағайдай бір-бір халық әртісі болып, бүгінде ел таныған, театр деген үғыммен тел, егіз болып, көрермен санасына сіңін кеткен Асанәлі, Сәбит, Райымбек, Фарида, Земзәгул, Нұкетай, Торғындар туралы жиырмадан жаңа асқан жастағы Әшіrbектің алғашқы жазған портреттік талдаулары кім-кімнің де жадында.

Жас сезім, адап көңіл алдамаған екен, жаңылмаған екен!

Иә, мына Күн мен Ай алма-кезек тербеткен алып дүниенің аясында Адам мен Адамның хас талантты жаратар Сұлулық рухының мәңгілік екенін жұмыр bas пенде өлдекашан мойындағанын бәріміз де білеміз! Соны ұмыттырмай, ауық-ауық еске салып отыру үшін де театр дейтін қасиеті мен қасіреті қатар жүретін өнердің Жанайқайы бізге қалай қажет болса, Театрды - Тағдырды, Өнерді - Өмірді санайтын Әшіrbектердің, Әшіrbектей сыншыларымыздың да бізге солай керек екені анық.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
жазушы-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

ӘКІМ ТАРАЗИДЫҢ ТАРЛАНЫ

Әкім агаларың Әшекенді – Тарланым! - деп еркелететін. Кейіннен, «Сіз қойған атты ақыры мыналар маған атақ етіп, таңып берді» деп, «Тарлан» сыйлығын алғанда айтқаны бар еді.

Әшірбек Сығай қазақтың тарланы-ақ еді. Жаны жұмсақ, алғыр, өзінен кейінгіге жанашыр болатын. Адамның жанына үңіле білетін қасиеті бар еді. Қоғамның кемшіл тұсын жөндеуге ат салысып, кірісіп, айтуға жалықпайтын, ерінбейтін, міндеті, жауапкершілігі санайтын. Осы қасиетінің бір көрінісі, «Хабар» арнасынан «Жансарай» деген авторлық бағдарлама үйымдастырды. Қазақтың майталман, дара тұлғаларын таспаға тұсіріп, сұхбаттарын алып қалуымыз керек деп, жанұшырып жаздырып алып жатты. Тіпті, ешкім аса біле бермейтін, елеусіз қалған, ескерусіз қалған замандастарына дейін таныстырып кетті.

Бірде кафедраға кіріп барсам, Әшірбек Сығай отыр екен. Өзінің табиғаты дархан, сезімі жүйрік еді ғой. Әрине, кафедра Әшекене тарлық етіп отыр. Әшекене үлкен зал, толған аудитория керек сияқты.

**БІЛМЕЙМІН, МҰНЫҢ БӘРІ ҚОШТАСУ МА
ЕДІ? ӘЛДЕ ҚАЛАМГЕР ҚАРЫНДАСҚА
ДЕГЕН ІЗГІ ІЛТИПАТ ҚҮРМЕТІ МЕ ЕДІ?
ЖАДЫРАП, ЖАРҚЫРАП АЛДЫМНАН
ШЫҒА КЕЛЕТИН ӘКІМ ТАРАЗИДЫҢ
ТАРЛАНЫ БІЗДЕН ОСЫЛАЙША
ОЗДЫ Да КЕТТІ.**



- Роза ханым!-деді Әшекен. Сиясы кеппеген дүниемді ұстап отырмын. Ертең «Егемен Қазақстанға» шығады. Тақырыбын «Қарлығаш неге жылады?» деп қойдым. Бұл Қарлығаш Қабижанова деген мениң курсасым, талантты актриса. Семейдің қызы, сіздің апаңыз болып келеді. Қайсар, бітімі бөлек қыз еді, байқұстың өнерде жолы болмады, - деп бір қайырды.

- Дездемонаны ойнауға ғұмыры жетпеді, - деді. Қарлығаш парталасының келбетті жастығын есіне алып, өзінің де жастығының кеткеніне көңілі мұқалып, жаны жәбірленіп отырғанын үқтym.

- Тыдаши! - деді. Алғашқы сөйлемді шабыттана оқып: «Иә, Қарлығаш, сен неге жыладың со жолы. Егілдің ғой әбден. Есімде қалғаны - бұлаудай болған қос жанарың... Танадай жарқыраган тостаған көздерің шарасынан шығып кетердей-ақ, қос иығың селкілдеп өкси жылағаныңды осы кезге дейін ұмыта алар емеспін...»

Әшекенің шабыттана саңқылдан оқып отырғаны актердің образға енгеніндей қызықтап, тындалап отырған едім. Әшірбек Сығай: «Сонымен бір жолы қақаған ақ шұнақ аязда Семейге жол тұсқен. Барған бетте парталасым Қарлығашты сұрастырдым. Театр басшылары шүғыл іздестіріп, тез таба қойды. Әзер таныдым. «Япырай» - деймін іштей таң қалып. Небәрі көріспеген он алты-он жеті жылда қалай өзгеріп кеткен. Көздерінің айналасын әлжуаз әжім айналдырып, мандай тұс шаштарын бірді-екілі ақ тұс меншіктей бастапты. Қайран, бір кездегі қылышты қыз Қарлығаш!

Баяғы танадай жарқыраған сүйкімді көздердің от шашып тұrap шуағы солғын тартқан. Құлкісі бұрынғы сәнінен айырылған. Бет-жүзіндегі өзіне ғана жарасып тұrap ұсақ сепкілдері едәуір ұлғайып, Қарлығаш кескін-келбетінің құтын қашыра тұскендей» - деп, кілт тоқтады-дағы «менің Қарлығашым ішетін әдет тапқан екен». Осы тұста Әшіrbектің дауысы өзгерді, манағы саңқылдаған дауыс төмендеп, баяулай бастады. Оқып отыр дегенім, жәй өншейін, Әшекем, көңілі дария, жаны жомарт, алған беттен қайтпайтын қайсар мінезді, батыр Әшіrbек Сығай жас баладай, панасыз жетімдей, ағыл-тегіл жылап отыр... Бірақ тосылмайды, кідірмейді. «Курстасым Қарлығашқа барынша разы болдым. Бір ауыз ғайбат сөз айтып, біреуді қараласа, қанеки! Шіркін, жалған! Өмір дегеніңіз кейде манағы Қарлығаш итерін тастаған шөлмек секілді-ау?! Сөл жайсыз тасталған шөлмектің сынбауы мүмкін емес қой. Өмір, тағдыр да солай. Сөл шалыс бассаң, бар болмысың шытынағалы тұр» - деп мақаласын тәмәмдады.

Қайсар Әшіrbек мезгілсіз шыққан жасты қолымен сұртіп отырып, кешірім сұрады.

Тарлан Әшіrbектің жаны осындағы нәзік еді. Оның жаны көп қиянатты бастан кешті. Қиянат шеккендердің жанынан табылатын, құр мақтанмен мансапқа жеткендерді Әшіrbек Сығайдың мысы басатын. Жаны шырылдаپ, бозторғайдай боздап таланттардың қорғаушысы болды.

Бірде «Хабар» арнасынан қызы бала тіл шалады.

- Роза апай, сізді «Жансарай» хабарына шақырып отырмыз, -дейді.

- Оу, айналайын, «Жансарайға» Әшекең өңкей қазақтың майталман академиктері мен ғарышкер, ғалымдарын, классиктерді шақыртып жатыр. Маған ертерек болар, сөл кейінірекке қалдырындар. Әшекене рахмет, менен сәлем айтындар, - демеймін бе?

Қызы бала екі-үш күннен соң қайта тіл шалады:

- «Хабар» арнасының ұсынысы еді, Роза апай, күтеміз. Әшіrbек аға ренжиді, сізге!

Әшекенмен сұхбаттасқанға не жетсін.

- Роза, сен хабардан бас тартыпсың. Бірақ сен сөйлемегендеге кім сейлеуі керек? - деп әфириден сөз бастады Әшіrbек ТАРЛАН.

Ол осындағы еді. Шындықты ішке бүгіп, пенделіктің есеп-қисабына бағынбайтын. Парасатты міnezімен замандастарының мерейін өсіріп отыратын.

Қазақтың Ұлттық Өнер Университетінде «Ес-аймак» әдеби клубында кездесу үйымдастырды. Сол кездесуге мені шақырып, өзі жүргізіп отырды. Білмеймін, мұның бәрі қоштасу ма еді? Әлде қаламгер қарындасқа деген ізгі ілтипат құрметі ме еді? Жадырап, жарқырап алдыман шыға келетін Әкім Таразидың ТАРЛАНЫ бізден осылайша озды да кетті.

Роза МҮҚАНОВА,

жазушы-драматург,

Қазақстанның енбек сінірген қайраткері



Әшірбек Сығай өмірден озды деген сүйт хабарды есту кім-кімге болса да оңай болған жоқ. Төбемнен жай оты кеп ұрғандай болды. Жан дүнием алай-дүлей болып азынап сала берді.

Сыншы ағамыз кешегі күнге дейін театр сынына белсene араласып, ортақ өнер жайлы өткір пікір айтудан қол ұзбей келді. «Сынның театр қозғалысының шаңында қалып немесе оның қанжығасында байланып қалуға қақы жоқ» деп, қазақ театр өнері туралы қоғамдық пікірді дамыту үшін барын салды. Сан алуан өнер мәселелеріне шын дең қойып, көркемдік жағынан дамуымызға көшбасшылық пікір айтудан жалықпай өткендіктен де, Әшірбек Төrebайұлы ең беделді де дуалы ауызды сыншы атанды. Алғыр ойымен, өткір тілімен маңызды тың дүниелерге толассыз үн қатып отыруы – оның батыл сыншы атануына жол үшті.



Театрдың азапты жүгін көтерген осынау жанкешті ағамыздың жанында көбірек жүрген шәкірттерінің бірі болдым. Бұл маған Алланың берген үлкен сыйы деп білемін. Жанында журін кеп нәрсені үйрендім. Қыын-қыстау сәттерде көмек сұрап келген кісілердің көnlіне кіrbіn түсірмей, талай рет қол үшін берген сәттеріне де куә болдым. Жүрегі сыр беріп, екі жыл бұрын өлім аузынан қалғанын білеміз. Сондықтан жүрекке көп салмақ салмай, денсаулығына үлкен мән беру керектігін үнемі есіне салып отырғанда «Айзат, неге сонша таусыласың, бүтін-ертең жан тапсырғалы жатқан жоқпын ғой, қорықпа үстазым Бекеевадан артық жасаймын мен» деп, сезіме салғырт қараушы еді. «Мен профессормын», «мен белгілі сыншымын» деп кеудесін соқпай, солардың көnlі орныққанын тәуір көрген Ол арасында сыр беріп қалар денсаулығын да есепке ала бермеуші еді-ау, жарықтық. Көмекке зәру жанның меселін қайтармайтын кеңпейілділігі, жақыны түрмак жаттан да қамқорлығын аямайтын жанашырлығы кейде өзіне кери өсер етті. Аптапты ыстық күнде қамқорлыққа зәру жанға алып бәйтеректей қолеңке бола білген Әшекенің жүргегінен кен байтақ қазақ даласының дархандығын аңғаратынбыз. Қайран дүние-ай, демалуды бір білмей өткен сыншы ағам тобықтай сауап үшін тоқтаусыз өрекет, дамылсыз еңбек етті ғой.

Әшірбек аға, әділ сынның әлсіз тартып, кенже қалғанын қalamады. «Сын - шын болуы керек» деп, ешқашан әділеттен аттамай, әділдік нысанасына дәл тигізіп жүрді. Батыл ой айтуда әлсіздік танытпай, жалтақтықтан аулақ нағыз жауынгер жанрдың нақ өзіне айналған сыншы тұлғаның тура мінезді екенін бәрі білді. Оның турашылдығынан алыстан шошып жүрер шибөрілер мен құзғындар түрмак, қайсыбір көкжалдардың өздері сыншының қолеңкесін көрсе күндік жерден безуші еді. Қызметіне адал емес арсыздарға көзін төңкеріп те қарамайтын, жемқорларды көрсе кірпідей жиырылатын, сыйбайластарды суқаны сүймейтін, қырандай қалықтай алмай, жер бауырлап жүрген қыыршықтарды қатулы қабағымен-ақ қайырып

отыратын.

Әшірбек ағамыз өзінің болмыс-табиғатына тұра келмейтін тіршілік иелерін айналып өтіп, үлкен болсын, кіші болсын еңбекқор, пейілі таза жандармен тіл табысқанды қош көретін. Асыл азаматтың бойындағы алғырылығы, әр нәрсені тереңнен ойлайтын дегдар тектілігі, өз маңайына шуақ төгіп жүретін мейірімділігі өзіне, оған әр кездескен пенденің жүргегіне жанды сезімдер тудыра жөнелетін ғажайып күйге жетелеуші еді. Ұстаздық борышын кіршіксіз атқарып қана қоймай соңынан артық сөз ертпей, атағына нүқсан келтірмей тынымсыз еңбек еткені, биік адамшылықты діттегені – бәрімізге үлгі болып қалды. Ол кісінің кең ойлайтын парасаттылығы, іскерлігі, орынды өзіл-оспағы тіпті басшылық қабілетке тән тиянақтылығы, жауапкершілігі түгелдей жадымызда.

Алаяқтардан аяқ алыш жүре алмайтын, мына тасбауыр қофамнан мезі болғанда, бір мезгіл Сыншы ағаның жан жылуынан қуат алушы едік. Көзіміз бен көңілімізді жүдептей, қашан да жайдарлы жүруге себепші болушы еді. Магниттей тартып алар оның мейіріміне енді өмір бойы шөлеркеп өтетініміз айдан инік.

«Адамгершілік – Алла алдындағы парызым, мейірім-шапағат – тіршіліктегі қарызым» деп, ізгілікті жанына жалау еткен ұстаздың өмірлік ұстанымы – әрқашан адал болу, шындықты айту еді. Сондықтан да, театр төңірегіндегі мың сан түйткілдерін мінберлерде батыл жеткізді. Өнердегі өзекті мәселелерді мәжілістерде ашық айтты. Келіп тұрган ойды кері жүтпай батыл айту - қазақ театрының жалынды жыршысы болуға берік бел байлаған жанкешті азаматтың ғана қолынан келер дүние. Әш ағам - ең алдымен театрды ардың ісі деп түсініп, оны жан-тәнімен сүйді.

Ойы қорғасындағы салмақты, сөзі мірдің оғындағы өткір сыншының енді сахна төріне шықпайтынына, мінберге көтеріліп қазақ өнерінің мұң-мұқтажын айтпайтынына сену қыын. «Сынсыз ілпері өсу жок» деп, ой түйіп отыратын сыншы тұлғаның қағидалы тұжырымдарын енді баспасөз беттерінен оқи алмайтынымды ойласам, өзегім өртенеді. Елді аузына қаратқан шешендік сөз саптау шеберлігі мен қара сөздің қадірін қашырмай айтқан ойнақы қалжындары бәрі-бәрі артта қалғаны жаныма қатты батады. Білікті ұстаз, қарымды қаламгер, сарабдал сыншыны енді көре алмайтынымды мойындағым келмейді...

Әшірбек аға...

Жүремін сені өн қылып,

Мән ғып айтып.

Енді жаным қайтадан тарықпасын.

Жоғалтып алдым, білемін, енді қайтіп,

Өзіндей бір биіктің жолықпасын...

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы



ҰЛЫ ЖҮРЕКЖІҢ НЕСІ

Біреуге батыл тіл қату үшін де, шексіз мейірлену үшін де жүрек керек. Жүрексіздер – мінезсіз болады. Бұл – менің Әшірбек Сығайдай аяулы ұстазбен алғаш жолыққанда ашқан ұлы жаңалығым! Жұдырықтай ғана бір кесек еттің өнерді, тұтас бір ұлтты, керек десеніз құллі адамзатты сүюге қауқарлы екендігін көріп, таң қалғам. Ұлы Абайдың қойған сауалына сонда: «адам баласының жүректен аяулы жері жоқ» деп нық сеніммен батыл жауап берген.

Иә, адамның істеген ісі – жүргінің айнасы. «Маман болмасаң, мейлі, ең бірінші Адам бол! Менің ең өуелгі мұратым – алдыма келген шәкіртті адам етіп шығару» дейтін ұстаздың ғұмырлық ұстанымы да осы – адамдық қалыптан айнымау болатын. Және оны ешқашан құр сөзбен ғана айтып шектелген емес, әр ісімен, өнер үшін торғай жаңын жұлып берер жәнкештілігімен жаңымызға сінірді. Ол кісі ешқашан «мен тұлғамын!» демейтін, тұлғалықты әр басқан қадамы, әр айтқан сөзімен санаға құбытын. Сәттік жүздесудің өзі кейде санаңда сілкініс тудырып, өмір, өнер жайлы көзқарасынды түбегейлі өзгертін жіберетін. Сондықтан да жастар жағы бұл кісіге жақын жүрді. Әрқайсысы өзіне меншіктеп алғысы келіп тұратын. Әрбірі өзіне ұстаз тұтты. Әрбірінің жүргегінде өзінің Әшірбек ұстазы өмір сүрді. Әрқайсысы туған әкесіндегі қадыр тұтты, қастерледі.

Бірде «Ес-аймақ» үйімің кезекті кездесуінен кейін ағамен дәлізде ұшырасып қалдым. Қолында сөмкесі бар, жалғыз келе жатыр екен. «Аға, әкелініз, сөмкеңізді ұстайын» деп едім. «Сөмкені қайтесің, одан да жүр, күн суық жатақханаңа жеткізіп тастанайын» деді. Бұл ұстаздың қашанғы әдеті еді. Жанашырлық – жақсы ағаның өмірлік ұстанымындей көрінетін. Қасында жүрген шәкірттерінен жан жылуын, қамқорлығын аяған емес. Әрқайсымыздың жағдайымызды сұрап, туған баласындағы үнемі бәйек болып жүретін. Әрқайсымыздың тағдырымыз үшін аландаулы болатын.

Сенім деген сезімнің тау қопарып, қамал бұза аларық қауқары барына да ұлы ұстазбен танысадың арқасында көз жеткіздім. Жарық көрген, жазған болмашы дүниенің өзін қалт жібермей қадағалап, кездескен жерде пікірін айттып, жылт еткен дүниене жүрегі жарыла қуанатын жалғыз адам көрсем – ол да аяулы аға – Әшірбек Сығай еді. Сырт көзге қаталдау көрінгенімен, шәкірттерінің жанында жүзінен нұр төгілер еді. Шексіз бір мейіріммен әрқайсысына аялай қарап еді.

– Иә, Еркеназ сұлу, не бітіріп жүрсің? Байқап жүрмін, Астанаға сыймай жүрсің. Сәл мүмкіндік туса, Алматыға тартып отырғың келіп тұрады. Алматы жақсы, бірақ оқуынды ұмытпа, жастар Астанаға да керек.

– Аға, мұрагаттың бәрі сондағой. Шаң басқан архивтен тарихымды іздең жүрмін, – деп өзілдей тіл қаттым.

– Талпынысың құптарлық, театр – тарихымен тағылымды. Ескерілмей, есімі ұмыт қалған тұлғаларымыз қаншама. Соларды жарыққа шығару керек. Фылым деген төзімді қажет етеді. Келін-кетіп, құр босқа жол тоздырумен ғалым болмайсың. Ізден, өзіңің сүрлеуінді ізде. Жаңалығың болмаса, ортаң мойындармайды. Мойындалмасаң – көптің бірісін. Сондықтан ойлан, айналайын, бағытынды тап.. Анау Жұмат Шанин, Орынбек Бековтің бүгінде ұмыт қалып бара жатқан жарқын істерін жаһанға жария ету керек. Қандай ғажап адамдар болған. Репрессияның қылышынан қан тамған шағында небір батыл шешімдерге барған, кейбір ел тұтқалары жасай алмаған жұмысты





тындырған. Өз басының кететініне қарамастан, театрдың директоры болып тұрган сондай қызын-қыстау шақта Әуезовті жұмысқа алған. Жандайшаптардың сөзіне еріп, жақындарынан, үлт өнерінің қайраткерлерінен сырт айналмаған. Міне, шын жанашыр осындай болады! Орынбектің осы батылдығын жазу керек. Иса Байзақовтардың, Қалекидің зерттелмеген мол мұрасы күтіп жатыр. Соны сендер іздемегендегі, кім іздеді? Ерендердің еңбектері жиі айтылып, жазылып, үрпақ санасына сінірілуі керек. Ел көрмегенді көруге, ел ұмытқан нәрселерді жарыққа шығаруға тырысып жүріндер, сонда халқың қадірлейді. Көптің бірі болудан қаш! Осы жасқа келгенде қит еткен дүниеге жүгіре беру маған да оңай емес. Алматыдан таңертең ғана келдім. Ұшақтан түсе сала, мына кездесуге асықтым. Кешке тағы бір жиналыс күтіп тұр. Сол жиналысқа шаршадым деп бармай-ақ қоюыма болар еді, бірақ өнердің тағдыры сөз болады. Ал өнер сөз болып жатқанда, мен құр қарап отыра алмаймын. Қазір кімнің кімге жаны ашып жатыр... – деп күрсінді.

– Аға, бүгінгі біз аңыз ғып айттар Алаш арыстары өз дәуірінде дәл сіздей-ақ болған шығар, ә?!

– Ол кісілердің қажыр-қайратының, істеген ерліктерінің қасында, біздің бүгінгі тірлік не?

Салыстыруға келмейді, – деді

– Мен келіспеймін, аға. Әр дәуірдің өз жүгі, өзі сыны болады. Сол арыстар бүгін өмір сүрсе, дәл сіздей-ақ іс тындырап еді. Ал егер Сізге сол қысылтаяң шақтың дәмі бүйірса, Сіздің де аяның қалмайтыныңызға сенемін. Сондықтан да үлт үшін ерлік дегеннің өзі заман салмағына сай шартты болатын шығар... – деп едім, ағай жымия күрсінді.

...Жатақханаға жақыннадық. Сөзіміз аяқталмай қалды. Әңгімемізді лекцияда жалғастыратын болып қоштастық. Бірақ ол әңгіме жалғанбады. Біз ұлы ұстаздан мәңгілікке көз жазып қалыппыз...

Рас, кейде біз, әсіресе, біздің халық өткен шақпен өмір сүрге, өткеннің өнегесіне тандана, таңырқай қарауға өуес. Ол қажет те шығар. Бірақ жанында жүрген жақсы адамның қадіріне дер шағына жетіп, шапағатына бөленуден артық бақыт жоқ екен. Осы тұрғыдан келгенде, біз ете бақытты үрпақпыш. Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Фабит Мұсіреповтей асылдардың сынығы – Әшірбек Сығайдың дәрісін тыннадық, жанында жүріп тұлғалық болмысына бойладық, театр үшін туған тұлғаның өнер деп соққан ұлы жүргегінің лұпілін тыннадық. Фестивальдерге бірге еріп барып, сын әлемінің қыр-сырына қанықтық. Ағаның пікірін, қара қылды қақ жарып, әділін айтқан, әр әртісті аялай отырып, мақтаумен бауыздайтын тұра биге тән тұлғалық түрпатын көріп кейде ойлайтынмын: егер ғайыптан тайып сонау бір бағзы замандағы билер дәуірі оралар болса, халық болып жүгініп, әділін сұрап тәбе би биігінде осы Әшірбек ағам тұрар еді-ау деп. Ұстаздың әр сөзі мен әрекеті, дәріс оқу даналығы маған тек қиялымда ғана өмір сүрер бүгінгінің Төле мен Қазыбек биін көз алдымға әкелетін.

Бұл кісінің әр сабагы, әр дәрісі – бір-біріне үқсамайды. Арнайы жүйе, тәртіпке де бағыныңқырамайды. Кейбір ғалымдар секілді тілін тым ғылымиландырып, кітапта жазылған деректі

сол қалпында баяндау да бұл кісінің табиғаты үшін жат. Дәріс окуындағы бір ерекшелік – қағазға алдын-ала жазып келген жазбасын ежіктеп отырмайды, аудиторияға кіргеннен, лекциясын бастағаннан театр туралы толғамдары төгіліп кете береді. Әр дәрісі – бір әлем. Бір қолданған теңеуінің орнын келесі сөйлемінде қайталау сөз емес, жаңа синоним сәндейді. Кейде бұрын естіп көрмеген қазақтың байырғы, ұмытылып бара жатқан сездерін ұстаз аузынан естіп таңырқап жататынымыз және рас. Жыраулардан қалған тұқттай, солардың асыл сыйнығындағы әсер береді. Егер әр сезіне үлкен мағына мен мүқият зер салар болсаңыз, оның тіпті де әсірелеу, қызыл сезге салынып қызыну емес, суреткер сыншының лұпілдеп соққан жүрегі екенін бірден сезер едіңіз. Жазушы Әкім Таразише айтсақ, «...айтып отырған объектісіне автор ез жанынан нұр құйып отырады екен. Сондықтан да Әшірбектің әр туындысын сиқырлы симфониядай ұйып қабылдайды екенсің. Сондықтан да біздің Әшірбек сыншы емес, жыршы екен. Сығаев – кешегі отандас, бүгінгі ынтымақтас елдердің театры мен өнерінің түбебейлі энциклопедиясы; қай елде қанша театр бар, әр театрдың өзіндік ерекшелігі қандай, ол өнер ұжымдарында қандай-қандай әртістер бар, әр әртістің өмір жолы, шеберлік деңгейі, тіпті осал тұсы не десен, мұдірмей, егжей-тегжейлі баяндана бере алады».

Ал ақын Софы Сматаевтың сезімен сараласақ, тұрымтайдай тұрпатымен қыранның ерлігін жасаған тұлға, қайраткер, ұстаз Әшірбек қазақылықтың қаймағы, ұлт болмысының айнасы, аса мәртебелі өнердің шын мәніндегі жоқтаушысы, жанаширы бола білді.

Ұстаз жайлыш сез болғанда, біздің ойға ең бірінші осындағы ойлар оралады. Бірақ ол ойдың өткен шақтың үлесіне тигені қандай өкініш. Әттең...

«Соңғы өңгіменізді «Жүрегіміз ауырмасын!» деп түйіндең едіңіз. Сіздің ЖҮРЕК үлкен еді, кең еді. Тұтас театр, бүкіл өнер әлемі Сіздің ұлы ЖҮРЕККЕ сыйып-ақ кетер еді. Сол алып ЖҮРЕКТІН, ұлы ЖҮРЕГІНДІ өнді қайтін қана қылп қара жерге көмер екенбіз? Сізсіз біздің қолдан не келеді? Сізсіз біз ешкім де емеспіз-ау... Қателессек те қорғайтын Сіз бар ғой деп батыл қателессетінбіз. Неткен сүйк хабар еді, ҰЛЫ ҚОРҒАНЫМЫЗ құлапты... Ұлтты шын сүюдін үздік ұлгісі болып жүре тұрсаңыз етті. Енді кімге қарап бой түзейміз, кімге еліктеп сез саптаймыз. Шөлдеп келіп, Сіз сусындарын сүн суатына қомағайланы бас қойғанда, ҰЛЫ САҒЫНЫШҚА айналып кете барғаныңыз не? Сіздің демінізбен бірге театрдың тұтас бір дәүірінің тынысы да мәңгілік дамыл тапқаны ма?.. Тура биіміз деп төрелік сұрап күллі театр қорғансыз қалды-ау енді... Орны толmas зор кем дүние... Өзгені былай қойғанда, өнерді белден басу деп қабылдайтын кейбір тоғышарлардың талайсыз әрекетін көргенде, АФА-АУ, Сізді әлі талай жоқтайтын боламыз... Шын жылау енді басталады...»

Бұл – жанды қарып өткен сүйт та сүйк хабар жеткен күні көңіл күнделігіне түскен ой тамшылары екен. Сіз тықақатап жүріп санамызға сіңірген, әдетке айналдырған күнделік жазудағы ұқыптылық енді біздің өмірлік қағидамызға айналыпты. Иә, Сіз өлмепсіз. Сіз әр айтқан ақыл-өсінетіңізбен, әр тағылымды ісіңізбен біздің жүрегімізде екенсіз. Сіз шапағат сыйлаған сол ЖҮРЕКТЕР барда, ұлы өнер барда Сіздің жүрек токтамайды, мәңгі соғады. Сол бір күні «Жүрегіміз токтамасын!» деп оқыстан тілегіндең мәнін енді түсіндім!.. Аға, Сіз өлген жоқсыз!

Назерке ЖҰМАБАЙ,
кинотеледраматургия мамандығының
II курс магистранты

ЖАНАЙКАЙ

Санқ-санқ еткен дауысы құлағымда,
Елендеймін шақ қалып қуануға.
Даусыңызға шөлдеген жүргегімді,
Үйп-ыстық көздің жасы суаруда.

Үйп-ыстық өртейді кеп шоқтай қарып,
Тынысым тарылады соқпай қалып.
Бірақ күнде сездірмей ажал оғы,
Ту сыртымнан тамырыма соқты айналып.

Тамырым табан асты кескіленіп,
Тағдырым тәлекек етті кесті келіп.
Осы еken ау ағайдан «ажал құрғыр
бір күні алып кетет» - деп естіп едік.

Амалым не мән бермей астарлы ойын,
Тұсінбеппін көре алмай асқар бойын.
Міне, осылай қабырғам қарсы айырылып,
Қара жерді жамылды дастан қойын.

Ей, қара жер, енді олай хабар етпе,
Қалған жарым жанымды садаға етпе.
Жақсы адамды тапсырдық құшағына,
Жанын ал, жақсылығын ала кетпе.

Қалсыншы шарапаты, жақсылығы.
Болған ет жаратқаның жақсы құлы.
Мен оның кенжесімін соңына ерген,
Болайын ізін жалғар жас құлыны.

Ұлы Ұстаз алғысым көп, тағы айтайын,
Сізге берем кеудемнің сарай тағын.
Жетім құлын ышқынсын, кісінесін,
Бұл менің сізге алғысым, жан айқайым ...

Нұрислам ӘБДІЛ,
театртану мамандығының II курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

КҮЗДІҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ...

Әзіл жылап, ән зарлап, егілді дем
Өлсіреді қуатым менің білем.
Әр сөзінің естегі әуенінен
Әлі күнге сеземін демінді мен.

Шыр айналып ғарышты өрлей шың-құз,
Шәкірттерін іздейді сендей жүлдyz.
«Шалғай кетті ол» - десе шыдамаймыз
Шындыққа да шынымен сенбейміз біз.

Ірі еді түйгенің, өргендерің,
Іркілуге тоқтауға жол бермедің
Ізіңізден жаңылмай ізбасарлар
Іліп жүрер үядан көргендерін.

Реніш атты тағдырға тағы да рең
Риза болып үлгермей барына мен.
Рахметімді естісін мүмкін болса
Раббыма бір оят деп жалынар ем.

Бірер арман өрлемей өрге тегі,
Бағы өртеніп өксиді, селдетеді.
Бебектерді біліммен бөлеп қойған,
Бесігінді енді кім тербетеді?!

Елдегі көп театр естіп ерін,
Естен танып қайғының кешті көлін.
Елес болдың ер жетпей екі сәби,
Енді ғана ұшар да бес тулегін.

Кештіріп мұң сүм хабар қайғы
астырды-ау,
Көп көңілге қүйігін жайғастырды-ау,
Күздің соңғы күндері самалымен
Кірпігінді мәңгігে айқастырды-ау...

Нұржан САЛИМОВ,
театртану мамандығының II курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

**«СЕНДЕР РЕЖИССЕРДЕН ДЕ, АКТЕРДЕН
ДЕ, ДРАМАТУРГТЕН ДЕ БІЛІМ ЖАҒЫНАН
ЖОҒАРЫ ТҮРУЛАРЫҢ КЕРЕК, БІЛІМІҢ
ЖОҒАРЫ БОЛМАСА ЕРТЕҢ ОЛАРҒА НЕ
СЫН АЙТАСЫҢ!»**



«Театртану ғылымы, оның ішінде сын жазу қыянының қыны, ол көл-көсір білімді талап етеді» – деп ұстазымыз Әшірбек Төребайұлы үнемі айтып отыратын. Студент кезімізде көп оқуымыз керектігін, «Ертең отбасылы болғанда қолдарың тимей кетеді!» деп құлаққа құйған еді жарықтық. Жалпы, театртану көп жылдық білім мен ілімнің негізінде қаланып адамның ой қорытуларынан келін өзіндік пікір туындастынын осы күні әбден түсіндік. Өмір көші өз керуенімен келіп, ақырын жылжып кете береді екен... Әшірбек ағайға кәдімгідей арқа сүйеп жүруші едік... Театрдың мың сан мәселелерін қозғап айтып, жазу үшін де адамға абырай керектігі рас. Әшірбек ағайда абырай да атақ пен даңқ та, ой мен парасат пайым да бар еді. Сондықтан да ол кісінің сөзі дәмді болатын, жан-жақтағы алыс-жақын шет елдерге барып, қойылымдарын көріп-тамашалап отыру театртанушының өресін өсіретіні тағы бар. Оның үстіне сөздері шешен, қазақтың шұрайлы сөздерінің бәрін сіңіріп алған мықты еді! Көсіби сын айтқанда бір адам да ауыз аша алмай қателігін еріксіз мойындал: «Дұрыс Әшеке! Айтқаныңыз орынды Әш аға!» деп құлдық ұрғандай тұрушы еді-ау. Әткір де айтатын, бетке де сөйлейтін, бірақ өр сөзді орынды айтқандықтан ол кісіге ешкім де ренжімейтін, керісінше көпшіліктің Әшекен не айттар екен деп тағатсыздана күтіп отырғанына талай рет күе болдық.

«Біреуге тақияң қисық тұр – деші ол сені ұнатар ма екен... Ал, актерлер, режиссерлер, драматург – шығармашылықтың, темпераменттің адамы, психолог олар, айтқан әрбір сөзінді андып отырады». Сондықтан әрбір айтқан сын, дәлелді, пайымды болуы керектігін үнемі сабак үстінде ескертетін.

Біз Әшірбек ағайдың театртанушылардан ең алғашқы шәкірттері болдық, оны мақтан тұтамын. Ол аудиторияны мықты ұстайтын өте тартымды да сүйкімді кісі. Басқа топтың студенттері: «Сендер неткен бақыттысындар Әшірбек ағайдан дәріс алғып жатырысындар!» деп ауыздарынан сулары құрып отыратын-ды. Ал, біз болсақ мұрнымызды көтере қараушы едік! Иә біз ол кісіден дәріс алғанымыз үшін де бақыттымыз! Отбасылық жағдайымызды, түрлі мәселелерімізді көзімізден-ақ көріп қоятын, білімді психолог тағы да «Бұғін сабак оқымағансындар, көздерің айтып тұр» – деп ұрыспай-ақ қазақтың қара сөзімен жетене жеткізе сөйлегендеге, сөйлемнің мазмұны сүйегіңнен өтіп, бетіне қарай алмай жерге кіре жаздап тұрып едік-ау, өкетайым! Иә, сіз Әке болдыңыз, студенттік кезде Әкелік қамқорлықты көп естідік. Әр сабагында шын жанашырдың сөзін айтып мидағы иірімдерді қозғап жіберетін ұлагаттығы, ұстаздық қасиеті бар еді. Әшірбек ағай өте көреген адам, жүзімізге түсken әрбір кіrbінді тез байқай қойып осы шәкірттеріме қатты айтып қойған жоқыпн ба дегендей сабак бітерге жақындағанда әр-қайсысымызға әзіл-қалжың айтуды бастайтын. Ол әзілдеудін тұр-тұрін тауып алатын. Әлгі, дос – жылжып айтқан сөзге томсыраудың аяғы сыңыры-сыңыры құлкіге ұласып, сонында «Мениң айтқандарымды «Ми қалталарыңа» жазып қойдыңдар ма?» деген

САЛЫ БӘЙТЕРЕГІМІЗ ҚҰЛАДЫ

Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана
адамның жүргінен орын алады.
(Әль-Фараби)

Ардақты ұстазымның жүргінен мәнгі орын алған ең ежелгі өнердің түрі - театр еді. Ал театрда ең басты кейіпкер әлбетте, актер. Актерлердің жаңын жарап алмай, морт сыннып кетпейтіндегі етіп сын айта білу, театрды бар жан-тәнімен сүйетін нағыз суреткердің ғана қолынан келеді. Ол суреткер белгілі театр сыншысы - Әшірбек Сығай деп батыл айта аламын.

Театр жанашырының қаламынан туған жазбаларында тек актерлердің өнерлері ғана сарапталмай, сонымен қатар өнерге, әдебиетке қатысы бар қаншама қайталанбас тұлғалар, бақылық болып кеткен өзиз жандар Әш ағаның ерекше назарында еді. Олардың өнердегі шығармашылық жолдарын, ақ қағаз бетіне түсіре отырып, әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, табиғатын толық ашатын. Оқырман шығармашылық портретті оқи отырып, ғұмырларын өнерге арнаған жандармен көзбе-көз сырласқандай, сұхбаттасқандай күй кешетіндегі әсер қалдыратын. «Жүректен шыққан үн, жүрекке барып қонады» деп ағамыз біздерге жиі айтушы еді.

Алдыңызға көмек сұрап келушілерге ешқашан да «жоқ» деп қөнілдерін қайтармауыш едініз, ол сіздің кең пейілдігініздің айғағы.

Асыл ұстазым, сіз адап еңбегінізben, өрнектей тоқылған сөз саптауыңыз арқылы театрға деген үлкен махаббатыңызды дәлелдедініз. Өзіңіз тәлім-тәрбие берген шәкіртерінің өнер отын өшірмей, таудың аққан тасқын суындаи сарқырауға, театрдағы мөлдір бұлағыңызды лайламай, ары қарай абыроймен жалғастыруға барымызды саламыз.

Бақыл бол, алаш жүртіның арда азаматы!

сұрағына «Иә ағай, жазып алдық» деген жауаппен сабақ аяқталатын.

Әшірбек ағайдың алдында өзінді түк білмейтін ақымақ сезінетінсің, өйткені ол кісі жан-жақтың тақырыпта көп білетінін өсерлі айтып жеткізетін. Сабақ басталады, сосын шәкірт біздер рахат күйге түсетішибіз. Өйткені, сабақ айтып отырғандағы ұстаздың сез саптауы, үні өзіне магниттей тартатын. Үнемі айтылған сөздің басқа да мағыналарын туындағып, көпсітіп, бейне бір қара сөзден бәйгеге түскендей сұрып салып көсілгендеге, бір сөздің бірнеше мағынасын тудыра сейлегенде таңқалып, іштей разы қалыпта, ерекше сезімде отыратынымыз білімнің нәрі екенін кейін білдік.

«Сендер режиссерден де, актерден де, драматургтен де білім жағынан жоғары түруларың керек, білімің жоғары болмаса ертең оларға не сын айтасың!» деуші еді ұлағатты ұстаз. Театртанудың кілті білімде деғенге саятын сөздің төркіні. «Актер: жүрек, бас, жүрек, Режиссер: бас, жүрек, бас – деп шығармашылық процесті суреттей келін, театртанушиның мимен жұмыс істейу керектігін, ойлауга бейімділікті» ереже ретінде дәп айтатын. Соныңысы, «театртануши: жазу да керек, сейлеу де керек» екенін айта келіп, мінгілесендер ешкім де сендерді тын dampайды деп кесіп айтып, сынды батыл айтуға баулитын. Театрға көп барындар дейтін ағайымыз: «Есіктен куса тесіктен кір, тесіктен куса есіктен кір, мен ештемені білмеймін! Тұсаукесер қойылымды көріп, алған әсерлерінді күнделікке жазып қойындар» – дейтін қайран Әшекем!

Мәншүк ТӘШІМОВА,
театртануши

Гүлмира ӨМІРЗАҚОВА,
театртануши

«ЕСЕНИҢ» ДЕН ЕРКЕЛЕМКЕҢ ЧУМАЗЫМ!!!

«...Тарихын тасқа қашаған,
Сағындым сені Әш-ағам»
Куат Ежембек



«ӘР СТУДЕНТИМНЕН МАМАН
ШЫҒАРМАС БҮРЫН, АДАМ
ШЫҒАРУ БІРІНШИ ПАРЫЗЫМ»

Классик сынши, дуалы ауызды Әшірбек Сығай өмірден өтті деген сүйк та сұыт, шерлі де зарлы, салқын да ызғарлы хабар қарашибандың қара аязымен қосарланып, ілесіп, аяғын алшаң басып менің де құлағымға жетіп еді... Алғашында бұл мүмкін емес деген оймен тірі жанға дес бермей, сенбестік пен көнбестік сезімін танытқан болатынын. Қайтейін, әншнейінде хал-жайынды сұрауға да жарамайтын қайсы біреулер ұялы телефоныма тыныштық бермеді сол күні... Барлығының даусы солғын. Барлығының үндөрі жарға соғылған жарғанаттай аянышты шығып жатты.

Ақыры ұғындым... Жүрек құрғыр алып адамның ақиқатында бақылыққа кеткенін сезіне бастаған сәтте, мен ұзағынан ойға шомып көзімді қадалған бір нүктеден ала алмай сілейіп қаттым да қалдым. Жанарымнан ағыл-тегіл, парша-парша жас тоқтаусыз үзіліп жатты. Міне, қаралы жайт осылайша санаулы секундтар мен мәнін жоғалтқан минуттар ішінде-ақ жан дүниемнің астан-кестенін шығарды... Сәлден кейін барып ес жинадым...

«Қалай бұл? Неге? Қыран тағдырының ақтық демі шынымен үзілгені ме? Жоқ... Жақсы ағам өлмейді ғой... Әйткені, өлмейтүғын артына сөз қалдырды емес пе?» - деп, қайта өзімді жұбатқандай болдым. Аталмыш жайсыз тұста менімен қоса күллі әлем құрсініп, жалынышты жолдауын жолдағандай сыңай танытты..

Ұлы адамды қиянатқа, не болмаса дүние салды дегенге қия аласың ба? Һәм жасаған жақсылықтары, күмәнсіз қамқорлығы, мін табылmas мейірімділігі санамнан сырғый ала ма? Олда жоқ...

Әлі есімде... Бәрі де есте... Ақ арманның жетегімен желпініп алғаш Елордамызыға жол сапар тартып, кеменгер тұлғаның алдына келгендігім. (Оқуға түссем деген мақсатпен). Сол кезде желді күні есіріп, сан алуан әрекетке ырық берген толқындаған бүйіра шаштарыма Әш-ағам зер сала келін, күлімсіреп: «Сен бала маған қатты ұнап тұрсың. Алқынған арам ойың жоқ көрінеді. Құжаттарынды тапсырдың ба? Бүгін соңғы күн. Тапсырмасаң тез арада өткіз. Әйтпесе, кеш қалуын мүмкін!» - деп ағалық ақыллын айтқан еді, шуаққа толы кеудесінен нұрын төгіп. Атынан ат үркитін Әшірбек Сығайдан осындағы жылдың сезінде қандай күйде болғанымды білесіздер ме? Шат-шадыман шаттықтан басым айналып кете барған болатын. Осылайша көптеген шәкіртерінің қатарына менде қосылған жайым бар.

«Әр студентімнен маман шығармас бұрын, адам шығару бірінші парызым» - деп, отыруышы еді ғой марқұм ағамыз. Жабырқап құлазыған кездерімізде туған баласындағы көріп, аландаушылық танытатын қасиетіне не дейсіз? Көңілге титтей кірбің мен мұң ұяласа, бірден сезіп қоятын. Мұндай «психолог» тәлімгерді бұрын-сонды өз басым көрген емес едім. Сәл босансып кеткенінді байқап қалса, мысы басым жан ағамыз бірден жөнге салатын. Данғойларды қиғашынан дөңгелетіп, жағымпаздарды желкесінен алып, жаны жайсаң жомарт адамдарды еркелетуден тайынбайтын.

Бірде «Ес-аймақ» студенттердің мәдени-танымдық пікірталас бірлестігі (жарықтық Әшірбек Сығайдың бастамасымен ашылған) өткелі жатқан еді. Мен «Шабыт» ғимаратының екінші қабатындағы 238 аудиторияның маңында тұрған едім. Не болғанын білмеймін. Әйтеуір, ойға батып кете барыптын. Кенет артыма бұрылып қалсам, жарқын жүзді ұстазым маган жанарын қадап, кіршіксіз баладай жымысып қана тұр екен. Селт ете түсіп қасына таяп келіп, қолымды соза амандастым едім, «Айналайын Есенинім» - деп басымнан сипады. Сөйтіп, «Есенин» одан барып «Ких» бірер аптадан кейін «Коль» атанып шыға келдім.

Ендігіде сағымға айналған бірақ бұлдыңғыр тартпаған қас-қағым сәттердегі естеліктерді ми қапшығымның тереңіне сақтап, мақтанышпен еске алып жүрермін. Әшірбек Сығайдың алпамса өнерпаз иесі Шәкен Аймановқа арнап жазған шығармашылық кескіндемесіндегі «Алашта арыс өткен Аймановтай... Білемісің жас үрпак, Шәкендейін алып арысынды. Танимысың, естіп пе ең, топ жарған өнерпаз Кенжетайұлын!» - деген алғы сөйлемдері өзіне де қатысты секілді. Иә, Алашта арыс өтті сыншы Сығайдай. Білемісің жас үрпак?

Қайсыбірін айта берейін? Тауым мұжіліп, шыңым шағылып, сағым сыннып отыр емес пе онсыз да? Үнемі саналы студенттерді қолтықтап, аялды алақанының астына алып жүретін, дәрісті ешбір қағазға қарамай өткізетін, білімдар ұстазды қайдан табамын? Есіргеннің еңсесін лезде орнына түсіретін нағыз қазақтың зиялышыз күніміз не болмақ? Қара сөздермен өріліп қағаз бетіне түскен том-том еңбектері поэзиядай оқылатын сыншысыз қараң қалмаймыз ба? Оны елестетудің өзі өнер жанашырлары үшін қорқынышты...

Иә, күні кеше ғана ортамызда сәулесін шашып жүрген аға ұстазымыздан күтпеген жерден айырылып қаламыз-ау деп ойлаған жоқпыш ғой шын мөнінде. Тәлекек тағдыр буынсыз жерге пышақ салып, қайғыртты-ау... Трагедияның ашшы дәмін таттырып, халықтың қайсар азаматын ортамыздан жұлып әкетті ғой. Жазмышқа жалпағынан қарсы тұрардай пенде атаулысында қауқар да жоқ... Сол себепті еріксіз бәріне бас изейсің... Қөнесің... Қөндігесің... Тарығасың.. Айласын асырған сүм ажалға ақыр соны бағынасын. Солай жалғаса береді...

Тек қана театрсыншысы емес, қоғам қайраткері, дұрыс бағыт-бағдар сілтеуші Әшірбек Сығайдың қазасы қаймана қазақ ұлты үшін үлкен соққы болғаны ешқандай дау тудырмайды. Қараша айының 27 мен 28-не қараған түні біз қапыда үлкен қайғыға душар болдық. Сондықтан осы күнді «Қазақ театр сынның қабырғасы қайысқан күні» деп есептеймін. Жөне дәл осылай тарих беттеріне таңбалануын қалаймын. Болашақ театртануши әріптес, іні-қарындастарым бұл жайтты ескере жатар деген сенімнен айнымаймын. Аманат!!!!

Иә, дәл бүгінде жанымның жарасына шипа болатындаидай дәру таппай сахара сайын даланы кезген қанаты морт сынған құс сынды сандалудамын. Тіпті, қош бол сұңқар мінезді сарабдал сыншы ағам, жаныңыз жұмактың төріне барып, жайғассын деуден басқа айтарға сөз таба алмай отырмын... Ішімнен үнсіз ғана тынып бара жатқандаймын. Әйтеуір, не болса да Әшірбек Сығайдың соңғы өткізген сабағындағы: «Бәлкім сен жазушы боларсың. Жүрегің тым нәзік. Өзің соған лайықсың. Егер сол жолды тандасаң бердім саған батамды» - дегені жадымда мәңгілік сақталары хақ екенін білемін. Қандай маман, кім боларымды нақ қазір дәп басып айту қыын. Бірақ адам болып қаз қалпында қаларым анық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мұзбалак ақын Мұқағали Мақатаевтің өлең мәнеріне салып қорытындылай түссем, бәрі де ұғынықты болатын шығар:

Жас оранды амалсыз шіркін жанар,
Кездерімде жоқ менің іркіп қалар.
Сығай болғым келеді Сығай болғым,
Әділсізді жөнге сап сілкіп алар....

Қуат ЕЖЕМБЕК,
театртану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

ЧЛАГАМТЫ ЧСТАЗ

Бала көңілдің балауса сезімдерін таптамай, жігерінді жанып, жалынынды таныған, шәкірттің өзін-өзі тануына үлкен, зор мүмкіндік сыйлай алатын адам еді. Окуга түскелі бері соны ұғындым. Құні бүгін де ол өз шәкірттерін «жазу» бәйгесіне баулып келді. Ұзенгілесінен оза шапқанында жетістігіңе балаша қуанып, мақтауынды асырады. Ол шәкіртінің бойындағы көмескі тартқан ұнамсыз тұстарын әркез атап отырады, осылайша «адалдық» деп аталатын асқақ қасиетті бойына сініреді. «Бөлеқордан - Баян, Арамыдан - Ақтоқты шықпайды» дейтіні де содан деп ойлаймын. Алдымен «адам» болуы керек, содан соң еліне, жеріне адал қызмет ететін «маман» болуы керек. Педагогикалық, тәрбие берушілік қырларының ауқымы орасан зор. Ол педагогиканың сан қырымен таныс. Бұл сабак барысында айқын сезіледі. Әр окушының ерекшелігін танып алған, әр аудиторияның өзінің «мінезі» болатындығын ескеріп, дәріс процесінде шәкірттердің сабакты қабылдау ыңғайына байланысты сан түрлі методика қолданады. Өз басым Әшірбек Төребайұлының сабағында жалығып кеткен сөттерімді еске түсіре алмадым. Оның бір сағат, елу минуттық дәрісі – студент үшін қайсыбір «іш пыстыратын» қат-қабат лекциялар легінен әлдеқайда артық екендігі даусыз, тіпті аталмыш дәріс шәкірт үшін «мың құндік азық» дер едім.

Мемлекеттік шақыртулармен, халықаралық деңгейде өтетін түрлі жиындарға, конференциялар мен театр фестивальдеріне үдайы қатысып отырса-дағы, шәкірттерін еш уақыт назардан тыс қалдырған емес. Ішкі тәртіпке баса назар аударатын. Әшірбек ағай сабакқа кешігу, сабактан қалу дегенге түбекейлі қарсы адам. Оның қарсылығы орынды да. Әйткені, тәртіп болмаған жерде өсу де болмайтындығы бек ақықат. Заманның ыргағынан таймаған дүниетанымы мол. Алпыс жасар атаның, асыр салған баланың да жүрек кілтін оп-оңай аша алатын үлкен қасиеті болатын.

Өнердің қай түрі болсын, ол кісіге таңсық емес. Көптеген мүшәйралар мен конкурстардың қазылар алқасының төрағасы болған кезінде айтылған сынни-пікірлері көңілге қонымды, айтылған әр сезі орынды деңгейде көрініс тауып отыратын.

Мерзімді басылымдар мен журнал беттерінде үнемі жарияланып отыратын мақалаларын үзбей оқып жүретінмін. Оқырманды бірден баурап алатын мақалалардың тілі бай, көркем шығарма сияқты мөлдірете оқылатындығы да шын. Жазылған кітаптары жайлы да айтпағым сол. Оны мен емес, халық мойындаған, халық биікке көтерген. Себебі, халық - айна. Таланттың тарландарын айнытпай ажырата алатын да солар. Хәкім Абайдың: «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге көкірегінде болсын көз» дейтүғын аталы сезі біздің үстаз, театр сыншысы, аудармашы, педагог, Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері - Сығай Әшірбек Төребайұлының үстаздық қарымына арналып жазылғандай.

Шәкірті ретінде айтпағым, театртанудың туын желбіретіп, қазақ өнерінің иісін иен далаға аңқытқан үлтүнің ұлысы, өнердің өресі бік өрені, бүгінде ұлағатты үстаз Әшірбек ағайдың ерен еңбегі сан ғасырға татитын танымы мол тың туынды болып қала бермек. Жақсы үстаздың соңынан шәкірт ереді. Әшірбек Төребайұлының артынан еріп келе жатқан шәкірттерінің мақсаты биік, арманы асқақ. Алар асулары да алда. Біздер, жас театртаушылар, Әшірбек Сығайдай ағамыздың шәкірті болғандығымызды мақтан етеміз!

Балжан БЕКМАҒАМБЕТОВА,
театртану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

«ҚОБЫЗ САРИНЫ» ДЕҮШІ ЕДІ, ЖАРЫҚТАМЫК...

Беймезгіл, бейуақытта сағымдай бұлдырап, келместің кемесіне отырып, мәнгі өмірге сапар шегіп кетеріне өз басым өлі күнге дейін сенгім келмейді. Жай ғана ұстаз емес, өмірлік мақсат-мұраттарымызға берік болып, оң мен солымызды, жалған дүниенің әк пен қарасын дәл ажырата білуге баулыған жаңашыр адам, әкеміздей асқар тауымыз еді. Өзінікін алмай қоймайтын сүм тағдыр, қатал өмір-ай дейсін.

Бергенінен берері көп еді. Маманнан бұрын, адам болуға тәрбиелеген жаны таза азаматтан қапыда көз жазып қалғанымызға тағдырға нальып, жан-дүниеміз құлазығанымызбен, амал нешік көндігеміз. Көндігеміз де белді бекем буып келер күнге тәубе айтып, алға қарай адымдаймыз. Демек, Әшірбек ағамыз салған сүрлеуді ескіртпей, одан әрімен саналы түрде жалғастыру мына біздердің міндетіміз.

Аудиториямыздың есігін ашып кіріп келетіндей көрінеді де түрады әркез. Өзіне жарасымды қоныр үні, маңғаздана басқан әр қадамы, орайын тауып айта білген қағытпа қалжыны, ақыл-кеңес сұрағанда өзімсінбей, жанына тартып, бауырына қысып, жақын тартқаны бәрі-бәрі көз алдымызда, жүрек түпкірінде, ой-санамызда.

Студенттік кез, жастық жалындағы махабbat сезіміміз туралы Әшірбек ағамыз көп сұрайтын еді. Әр дәрісінде маган қарап: ««Қобыз үні», «Қобыз сарыны» қалай, аспап орында ма? Құнірентіп жүрсің бе? Әлде басқа да аспаптарды сарнатып жүрмісін?» деп, бір көзін сәл қысып қалжындаушы еді. (Университет қабырғасындағы болған махабbat оқиғаларым жайлы сөз етіп). Бұл дегенім әр шәкіртінің өмірі, оның басынан кешіп жүрген тағдыр ірімдері ағай үшін кезекті бір жәйт емес-тін. Жаны ашып, аландаушылықпен жөн сұрастырғаны деп білемін. Студенттік кезіміздің бас шағында басымыздан қылы оқиға, түрлі жағдаяттар орын алды. Тіпті, қара қалам мен әк қағаздан алшақтап, жазу үстеліне жақындағы кеткенімізде де өзінің ақыл-кеңесін жеткізіп, болашаққа жарқын көзben қаруға үндейтін еді. Енді бұл кездер өткеннің күшагында кетіп, тек санамызда атой салып, өткен күннің бір жарқын бейнесі ретінде қалары анық. Иә, минуттар жылжып, секундтар сырғып жатыр... Мойнымызға артылған жүктің салмағы қаншалықты ауыр екендігін енді түйсініп, түсініп келе жатқандаймыз. Біздей төл шәкіртеріне «аманат» етіп тастап кеткен театртану көшін одан әрі жалғау мына біздің бас міндетіміз. Енді тек қажымай еңбектеніп, қажырлы жұмыс жасауымыз абзal. Қазақ театры үшін туылып, оң бойды шарпітын ыстық жалын мен бет қаратпас сүйк боранына төтеп беріп, бір кісідей адал жұмыс жасасақ ғана Әшірбек Төребайұлының рухы мәнгілік жарқын болып қала бермек. Қош білім берген, сана берген аяулы Әшірбек аға!!!



ӘШІРБЕК СЫҒАЙМЕН ҚОШТАСУ

Ұлттың бар уайымы басында еді,
Мұздатты-ау, жан-жүрегін ғасыр лебі?
Қазақтың ығайы мен сығайы көп.
...Сығайдың бөлек-ті осы Әшірбегі!
Куды да, сүмді басып мысыменен,
Ұшқанда көкке Музға құсыменен,
Осы елдің данғойы мен дарынсызы
Жүретін аяғының ұшыменен...
Абдырап Алаш-Ана түр ойланып,
Қызығыш құс
Соға ма енді бір айналып?
Әуеге ұшып кетті, құшып көкті,
Әуезов театрын шыр айналып!
Ұлттың бар уайымы басында еді,
Мұздатты-ау, жан-жүрегін ғасыр лебі?
...Ығай мен сығайларың аман болғай,
Сығайдың жоқ қой, бірақ, Әшірбегі...


Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Арман АЙТЖАН,
театртану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

тылсым күш

Университет кітапханасының арғы бетіне орналасқан орындықта келесі сабакта дайындалып, кітап оқып отырғанмын. Кенет ұялы телефоным шырылданап қоя берді. Әшірбек ағай деген жазуды көрген бетте қолымдағы кітабыма ие бола алмай жерге түсіріп алдым. Орнынан қалай тұрып кеткемін. Ағай соншалықты қatal емес еді гой, неге ылғи абдырап, қобалжып аяқ қолым дірілдеп, жанымды қоярға жер таптай қоямын. Тіпті, өзіміздің дәріс өтетін аудиторияда отырған кезде де ағайдың жаңғырған дауысы алыстан естіле салысымен бос сөзді доғарып, сілтідей тына қалатынбыз. Ол аудиторияға кіргенде «Әшірбек Сығай» деп аталатын тылсым күш жан дүниенде жайлап, жүргегінің соғысын жиілетіп, ұйықтап жатқан жігерінді тік тұрғызатын. Тылсым күш – әлсізбін деп әбігерленгендерге әл беріп, мықтымын деп жүргендердің мысын басатын. Жалғыз бізға емес, ол келе жатқанда кез-келген театр сезінетін тылсым күштің әсерін. Әшірбек Сығай келеді еken деп етек-жендерін жинап, кемшіліктерін жөндеп, қисығын түзетіп, ревизор келе жатқандай реттелетін.

Бұл тылсым күш – бір кездегі жас Әшірбектің маңызды мақалаларының, сындарлы сындарының, перште пікірлерінің, шұрқыраған шындықты ту қып ұстап, талғамының таразысын, түйсігінің терезесін, қисынының керегесін тұрғыза бастаған шұғылалы құдерінде пайда бола бастаса керек. Бәлкім жазса шебер, сөйлесе шешендігімен тылсым күшті табиғатына сіңірген болар ұлы ұстаз. «Мих, молодец!» деп, әр «Ес-аймақ» аяқталған сайын жігерімді жанып отыратын. Құркіреген дауысы мен құдыштадағы қашан да қиялымды қозғап қанаттандыратын. Ағайдың әр дәрісін, әр әнгімесін, сынның естіген сайын жүргегімізді терен тебіреніс, серпінді сезім ағыны билейтін. Апыр-ау, оның жан жүректі баурап алатын сиқырлы күші неде? Әлбетте, бұл тылсым күш оның өзгелерге мүлде ұқсамайтын поэтикалық тілінде, шығармашылығындағы мазмұн мен түрдің ерекшелігінде, асқан жаңашылдығында, әр сөзінің мірдің оғындағы ұшқырлығы мен дәлдігінде еді. Ал енді, енді сол тылсым күш мезгілсіз көзден ғайып болды. Қазақ театрын қызығыттай қоритын Әшірбек Сығай халықтың жүргегінен еш уақытта өшпек емес. Бірақ, талайларды тік тұрғызған тылсым күшті енді қайтып сезіне алмайтынымыз өкінішті. Амал бар ма? Сіз салған сүрлеумен жаңылмай жүргуге бел будық. Өнердің бүралан жолында ықыласпен іс қылып, адалдықпен амал жасасақ, өз тылсым күшіміз де орта жолдан қосылар да жол көрсетер. Жолымызды аша гөр, Жаратушы тәнірім...



Мирац ӘБІЛ,
театрану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

ХОМ, ҰСТАЗЫМ!

Күн ұясына кіріп, қараңғылық түскен шақ. Неге екені белгісіз жан-дүниемде бір үрей ме, жоқ әлде қорқыныш бар секілді. Ішкі түйсігім мені осы қүнге дейін алдап көрген емес... «Бұл не тағы?» деп ойланып, беймаза халге түстім. Үйдегі ата-анама хабарлассам барлығы дұрыс, аман сау. Сағат тілі зулап кетіп барады. Әшірбек ағай ойыма орала берді. Ұстазыма хабарласқым келіп-ақ тұр. Алайда, «кеш болып кетті, ұят болар» деп, өз-өзіме басу айтам. Кеше, сәрсенбі құні сабағынан шықтық қой. Тапсырмамызды алдық, телефон шалып не айтам? Жә, алдамшы бір сезім шығар, сабыр сақтайын. Түсініксіз сезім басылуың орнына одан бетер бойымды билеп барады. Телефонымды қайта-қайта қолыма алып, Әшірбек ағайдың нөмірін терем. Жасыл түймені басуға батылым жетпейді. Сағат кешкі онға таяды. Белгісіз арпалыс сезімі жаныма тыныштық берер емес. Өзімді қоярға жер таппаймын. Болды, жетер! Ұстазыма хабарласып хал жағдайын білгенімнің несі айып? Кештете хабарластың деп ренжи қоймас. Бірақ, ренжітіп алсам қайтемін? Сабыр түбі – сары алтын. Таң атқанша күткен жөн. Тұн ортасы, үйқы қашты. Қоңлімді алдаусыратып фильм көруге көштім. Қолыма қалам алып жаза қояйын десем қорқамын. Осылайша тұні бойы сыршыл сезіммен алысып, таңғы 4 пен 5-тің арасында үйқыға кеттім.

28 қараша, жұма таңғы 9-дан 13 минут кеткенде Арман бауырым қоңырау шалып, сүйк хабарды естіртті. Сенер сенбесімді білмей, есендіреп қалдым. Жоқ, бұл жалған, олай болуы мүмкін емес! Бәріміз жиналып, университетке бет алдық. Қасиетті жұма, мешіттен азан үні естілген тұста бәріміз еріксіз көзімізге жас алдық. Бірақ, Әшірбек ағайдың қазасына әлі де болса толық сенбейміз. «Шабытқа» кірген тұста жинала бастаған жұртты көрсек те, сенбестікпен өзіміздің, 610-шы аудиториямызға көтерілдік. Кіріп, өз орнымызға жайғастық-тағы Ұстазымыздың күтіп отырдық. Әшірбек ағай есікті әдетінше ашып, күлімсіреп кіріп келетіндей. Әр жерден ағайдың дауысы естіліп түрғандай жалтақтай береміз. Қанша іздесек те, ұстазымыздың жылы жүзін көре алмадық... астыңғы қабатқа түскенімізде, қаралы суретті көрдік. Сол сәтте біреу кеудемнен жүргегімді жұлып алғандай болды. Тынысым тарылып, айналамда қара түнек орнағандай күй кештім. Ішкі әлемім асау тұлпардай туласа, жабырқаулы қөңілім теңіздей тасыды. Рухани әлемімде үлкен төңкеріс орын алды. Қазақ елі мен мәдениеті, театр әлемі өз арыстанынан айырылды. Театрды бар жан-тәнімен сүйіп, өнердің жасырын сырларын аша білген көреген тұлға фәни өмірмен қош айтысып кete барды. Ортамыздан өзі кетсе де, жүргегімізден мәнгі орын алатын Әшірбек ағайдың сенімін ақтау - бәрімізге парыз! Өнерге жана шылдықтарға, халқына адалдығы, шәкірттеріне деген шексіз қамқорлығы оның адами болмысын айқындайды. Театрға деген аса жоғары маҳабbat сезімі Әшірбек Сығайды сынның сардары етіп қалыптастырса, бойындағы адалдығы мен әділеттілікті сүюі оны тұлға кейпінде танытты. Жасы үлкендерге іні-бауыр, кішілерге аға бола білді. Ұлтына деген ыстық сезімі өнердегі қамқорлығынан да керініс тапты. Сын айтып қана қоймай, қофамда болып жатқан өзекті мәселелерді көтере алды. Оның шыншылдығы мен тұрашылдығы, батыл қадамдары кейінгілерге үлгі-өнеге. Адалдықтың ақ туын желбіретіп ұстаған жан – Әшірбек Сығай. Шәкірттеріне айтқан әр сөзінде терең мән-мағына, философия бар. Ардақты ағайымыздың бізге артқан үмітін, аманатын ақтауда аянып қалмаспзы. Ұлы ұстазымыздың жаны жөнніттүк болсын! Алла Тағала мейірім, шапағатын аямасын! Қимастық сезіммен «Қош, ұстазым!» дейміз.

Гүлназ ЛӘМБЕК,
театртану мамандығының IV курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

БІР ӨЗІНДЕ БАР ӨНЕРІ КАЗАКТЫҢ

Әшірбек аға дегенде жүргегің жылып сала береді. Себебі: атына заты сай ағамыз жан-жағына нұрын төғін, күлкісімен, мейір-махаббатымен адамды өзіне бірден баурап әкетері сезсіз. Алыстан келе жатқаннан ел-жұрт оның жанында кезектесін ақыл сұрап, енді бірі өзі туралы жазған мақаласы жайында сөйлесіп жүрсе, енді бірі сұхбат алыш жатады. Бұрын екі әкем бар деп марқаятын едім. Осыдан бір жыл бұрын әкем Рамазан дүниеден озған болатын, сонда Әшірбек ағам мені бауырыша басып, көңілімді аулаған еді. Сол сәтте Әшірбек ағам маған туған әкемдей болыш кетті. Оған бар сырымды айтып, куаныш пен мұнымды бөлісіп жүретінмін. Енді, өнердегі әкем де бұл дүниеден мәңгілікке аттаныш кете барды. «Әшірбек аға қайтыс болды» - деген хабарды естігенде құдды біреу үстіме мұздай су құйыш жібергендей, көзім қарайшып, сенерімді не сенбесімді білмей аңтарылып қалдым.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына талапкер болыш окуға тапсырған кезде ағамыз бәрімізге бақылап қарап тұрып: «Өнер жолы - ауыр жол, бұған екінің бірі бара бермейді. Таңдау жасағанда қателеспендер. Себебі өнерге келген адам барлық жан-тәнімен, болмысымен өнер тәңізіне бойламаса, тек бетінде қалқыш жүрсе ол адамнан кәсіби шебер шықпайды» - деп, балалардың қамын ойлап жүретін.

Ағаның дәрістерін тындаған да арманда, тындағандар да арманда. Оның әрбір сабағы алтынмен тең, себебі: шәкірттерге барлық білімі мен ақылын айтын мамандықтың қыр-сырын ашып, актер, режиссер, драматург, театр, өнер, мәдениет т.б айта берсөң шаш етектен асады. Әр тақырыпқа байыппен келіп, студенттерге түсінікті мағынада, жас шамасын ескеріп дәлелді мағлұматтар мен сусындарып отыратын. «Қандай маман болсан да, ең бірінші адам бол» деген ақылы мамандыққа кіріспе іспеттес.

«Ел алдына шығатыш тұлғасындар, халық әрбір сөздерінді, қымыл қозғалыстарынды жіті бақылап, ой диірменінен өткізеді. Сондықтан сөйлеген сөздерің анық болыш, ешқандай дефектісіз сөйлендер» дейтін. Баяндал тұрып жөнсіз қымыл қозғалыстарға, түрімізді бұзып, немесе құбылтып тұрсақ Әшірбек ағамыз дер кезінде жөндеп ақылын айтып, әр-қайсымызға тұлға болу «әлексирін» ұсынып, қалай қолдану керектігін өзіл-шыны аралас айтып ұқтыратын. Ол кісінің ұрысқанын да көрмеппіз, қарапайым әзілмен қағытып отырып ойнап айтқанының өзі адамды терең ойға жетелеп, дұрыс пен бұрыстың ала жібін ажыратыш беретін.

Қатарлас әріптестері де ол кісі туралы айтқандары тек шарапат. Актер, режиссер, драматург тілті беделді «мен» - деген тұлғалар оның сөзін тындал, санастып жүрген.

Жиырмаға жуық кітаптарында, мыңнан астам мақалаларында кез-келген өнер адамын езінің көркемдік талғамы, олардың сыр сымбаты мен тұр әлпетін, шығармашылығын баяндал, ғылыми зерттеуге түсіріп отырған. Тілгі музыка, би, кино, мұсін т.б туындылар мен тұлғалардың жеке өмірімен өнерін жіті баяндал, бар өнерін сала отыра біліп жүрген. Ол кісінің есте сақтау кабілеті, логикасы мен парасаты нағыз тарландарша. Трактовкасы алладан берілген дарын. Атақты жазушы мен өнер қырандары өздерінің шығармашылық кештерін Әшірбек ағаның өткізіп беруіне етінген. Ол кісі ешкімнің өтінішін аяқ асты етпеген. Кез-келген саланың адамдары сол кеште бір рахаттанып, құлақтарының құрышы қанғанша марқайшып, көңілдері жадырап отыратын. Өздеріне керекті мағлұматтар мен адами насиҳатқа бөлентетін. Суырып салмалық өнерге бай ағамыз табан астынан сөз таба біletін, адамдардың мінезіне сай мінездеме беріп, шығармашылық өсуіне тұрткі жасаушы тұлға.

Қазақтың мандайына біткен нар тұлға, ешкімді менсінбейтін тарлан, атақты режиссер Әзіrbайжан Мәмбетов кезекті бір премьерадан кейінгі талқылауда бірінші болыш сөз сөйлеген Әшірбек Сығай баяндағасын тындал, оның айтқан пікіріне мойынсынбай сенбестік танытқан.

Ресейден келген театр сыншылары да Әшірбек ағаның айтқанын қайталап бергенде ғана сабасына түсіп өзінің қазақ сыншысы жайында пікірін өзгертіпті. Сөйтіп, театр сыншысы Әшірбек Сығайды Әзіrbайжан Мәмбетовтің өзі де мойындапты.

Әшірбек аға жеке өмірінде сүйген жары Құләш апаймен кез-келген жиында бірге жүріп, талай өмірін бірге өткізген. Үш ұл тәрбиелеп, көптеген немере сүйген ақсақал. Ол кісінің тұрып жатқан үйіне қонақ болып барған кезімізде есік алдында тігілп тұрған киіз үйде жаздың күні шай ішіп, ауылдағы атамыздың үйінде жүргендей бір марқайып қалатынбыз, шіркін. Ауласында темір торда қамалып тұрған асыл тұқымды алабай иттері мен кептерлері, ешкілері, тіпті қояндарына дейін Әшірбек ағаны көргенде өзгеше бір еркелеп, бір-бірінің тілін тапқандай ұзақ тілдеседі. Ағамыз оларға асықпай тамақ беріп, әрбір қымыл қозғалыстарын «Өнер адамының басқа саладағы адамнан айырмашылығы- ол әрбір заттың, болмыстың ерекшелігіне, әдемілігіне сүйсінеді. Мысалы: математик көшеде кетіп бара жатып жапыраққа көніл аудармауы мүмкін. Ал, өнер адамы оны жерден көтеріп алыш, қиял әлеміне беріліп, содан шабыт алады. Кез-келген нәрсенің әдемілігін көре білуінде» - деген қанатты сөзі менің бірінші курста естіген дәрісім еді. Мен бұл сияқты әрбір дәрісін жадымда сақтап, өзіме ұран етіп жүремін. Себебі: Әшірбек ағаның айтқандары, жазғандары пәлсапалық тұрғыдан келгенде айқын, дәлелді, әуезді, шынайы, құлаққа жағымды, санаға ой салады.

Ағамыздың жаны нәзік, кез-келген нәрсені ой елегінен өткізетіп. Өмір мен өнерде де бір қалыпты тек шындықты сүйетін еді. Ол кісінің бір өзінде - бар өнері қазақтың. Қош аға, біз сізді ешқашан ұмытпаймыз. Жүргімізде қала бересіз өнердегі әкеміз болып!

Нартай ЕСКЕНДІР,
театртанушы, PhD докторы

Тұн. Барлығы уыздай үйіп, тәтті үйқы құшағына енгелі біршама уақыттың көлемі болды. Ал менің үйқым келіп, кірпігім айқасар емес. Естіген күннен бері сенбей, жан дүнием ешқандай үрейге бой алдырмады. Тек жүйткіген пойызben жарыса дұрс-дұрс соккан жүрек құрғыр біреуді жоқтатын тәрізді. «Ағатайым-ау, сен расымен мәнгілік мекеніңе кеткенің бе?» Жо-жоқ өрі қарай ештеңе ойлағым келмейді... Құрысын мен де көплен бірге үйіктайын...

Әдette жылы лебімен қарсы алатын Алматымды бұл жолы әлдеқандай бір ызығар жайланағ! Әлде Сарыарқаның сары аязын мен алыш келдім бе? Әлде саңылағынан айырылып, салымың суға кетіп, қысы-жазы ырық бермес ыстығың, қытыймыр қысқа әлсіздік танытқаны ма? Қар жамылған мұнцынды өзімше бағамдап, осылай тон піштім.

Уәделескеніміздей бір топ бала жиналып, ертегісін Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында елордалық шәкірттері болып жүздестік. Бұл мекен қасиетті өнердің исі сіңіп, талай таланттардың талабын ашып, дарындылардың шамын жаққан өнердің бас ордасы, қара шаңырағы. Дәл осы өнер ордасында Әшірбек ұстазымыз ұзақ жыл қызмет атқарған-ды. Табалдырықты аттағанымыз сол екен, тізбектеле ілінген қабырға газеттері мен сынның сайлып қыраны Әшірбек Сығай ағамыздың суреттерінен көз сүрінеді. Алайда, жансыз суреттер... Қаумалап бәріміз қарап тұрмыз. Әр суреттегі қайсібір бейнесін алсаңыз да қафілез мінезі, қырағы қас-қабағы, байыпты болмысы болашаққа базына айтып, бүгінгіге қазына қалдырып тұрғандай. Қамшының сабындағы қысқа ғұмырында талай істің бастамасы болып, театр өнері жайлы толғанып он сегіз том кітап жазды. Талай іс-шараға төрелік етін, саясатта да қыруар іс атқарып қаншама мінбелерде сөз сейледі. Міне, мынау тұрған суреттердің әр қайсысы солардан қалған белгі.

Жақсының аты өлмейді деген рас-ау. Бар қазақ жүрті өзіңізді жоқтап қабырғасы қайысып, қайғырып қара жамылуда. Расымен де, жасаған жасыныздан атқарған істерініз берін жазған еңбектеріңіз көп. Ел аузында қанатты сөздеріңіз, оқырман құшағында кітаптарыңыз, шәкірттеріңіздің жүргегінде айтқан ақылыңыз, сахна санлақтарына білдірген сыныңыз берін тілегіңіз режиссердің ұшқыр киялышында, жазушының қаламында жүрсе сіздің атыңыздың жаңғырып, құрметке бөлөнгені емес пе?

...ағайдың қара шаңырағына да бас сұқтық. Үй ішінде қаншама жыл отасып, қыншылығы мен қуанышын, сырын бірге бәлісіп келе жатқан Құләш апамыз берін ұстазымыздың жалғыз әпкесі Қыздарғұл апа да осында. Неге екені белгісіз арысынан айырлып қайғысынан сейіле алмай отырған Құләш апамыздың жанағына үрлана көп қарадым. Оңай емес, әрине. Бар қазақ жүрті қайғырып жатқанда сізге қалайша жеңіл болсын?! Артында қалған үрім бұтағы мен шәкірттері аман болса, Әшірбектей жайқалған бөйтегерегіміздің тамыры солмас.

Айтпақшы, өнер академиясы алдындағы ағайдың өз қолымен отырғызған жасыл шыршасына бір сәт көзім түсіп, көкірегіме шер толып сәл аялдадым да, Астанаға еріксіз жол тарттық. Тағы да жүйткіген пойыз. Расымен өмір пойыз іспеттес. Біз - жолаушымыз! Кім қайдан түсері белгісіз...

Хакім ХАСАНБАЙ,
театртану мамандығының I курс студенті,
Б. Нұрпейіс шеберханасы





Астана 2014 жыл.